Ұйымдастырылған нарықта Топтың айналыстағы акциялары және өтелетін облигациялары «сатуға арналған қолда бар» ретінде жіктелінеді және шын құны бойынша көрсетіледі, ол сенімді айқындалуы мүмкін. Сондай-ақ Топта ұйымдастырылған нарықта айналыста жоқ акцияларында қаражаты бар, сондай-ақ ол ИНДП санатындағы қаржы активтер ретінде жіктелінеді. Аталған инвестициялардың шын құны сенімді айқындалуы мүмкін емес, сондықтан осындай баға белгіленбеген үлестік құралдарды жеткізу арқылы есептесу жүргізілетін инвестициялар әрбір есептік кезеңнің аяғында құнсызданудан жиналған залалдарды алып тастағаннан кейінгі өзіндік құны бойынша бағаланады. Шын құны 4-ескертпеде белгіленген тәртіпте айқындалады.

Жыл ішіндегі жиынтық кіріс туралы тікелей шоғылдандырылған есептемеде танылған ақшалай активтердің бағам айырмашылықтарынан болған пайдалар мен залалдар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелінген құнсызданудан, пайыздан болған залалдарды қоспағанда, шын құнның өзгеруінен болатын пайда мен залал өзге жиынтық кірістерде танылады және инвестицияларды қайта бағалау сақтық қорында жиналады. Инвестициялар істен шыққан немесе құнсызданған кезде инвестицияларды қайта бағалау сақтық қорында бұрын танылған жиынтық кіріс немесе залал жыл ішіндегі кіріске немесе залалға қосылады.

ИНДП санатындағы үлестік құнды қағаздар бойынша есептелінетін дивидендтер Топта оны алуға құқығы болған кезде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемеде көрсетіледі.

Шетелдік валютада көрсетілген ИНДП-тің ақшалай активтерінің шын құны сол шетелдік валютада айқындалады және есептік күніндегі айырбас бағамы бойынша аударылады. Жиынтық кіріс туралы шоғылдандырылған есептемеде танылған оң және теріс бағам айырмашылықтары ақшалай активтердің амортизациялық құнының негізінде айқындалады. Өзге оң және теріс бағам айырмашылықтары өзге жиынтық кірістерде танылады.

***(vi) Қарызар және дебиторлық берешек***

Ұйымдастырылған нарықта айналыспайтын тиянақты немесе айқындалатын төлемдері бар саудалық дебиторлық берешек, берілген Қарыздар және өзге дебиторлық берешек «Қарыздар және дебиторлық берешек» ретінде жіктелінеді. Қарыздар және дебиторлық берешекті кез-келген құнсыздануды шегеріп тастап тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизациялық құны бойынша есепке алынады. Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің пайыздық кірісі болмашы болғанын қоспағанда, пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы танылады.

***(vii) Есептен шығарылған қаржы активтер***

Топ актив бойынша ақша ағынына шарттық құқықтары тоқтаған жағдайда немесе басқа ұйымға қаржы активті және тиісті тәукелдер мен пайдаларды берген жағдайда ғана қаржы активті есептен шығарады. Егер Топ активті иемденуден болған негізгі барлық тәуекелдер мен пайдаларды не бермесе, не сақтамаса және берілген активтерге бақылауды жалғастыра берсе, онда ол осы активтегі өзінің үлесінде және сонымен байланысты өзі төлеуге тиісті болуы мүмкін сомасына арналған ықтимал міндеттемелерін көрсетуді жалғастыра береді. Егер Топ берілген қаржы активтерді иемденуден болған негізгі барлық тәуекелдер мен пайдаларды саққтаса, онда ол осы қаржы активті есепке алуды жалғастыра береді, ал беру кезінде алған қаражат қамтамасыз етілген Қарыз түрінде көрсетіледі.

Қаржы активті толық істен шығарған кезде активтің теңгерімділік құны мен өзге жиынтық кіріс құрамында танылған және капиталда қорланымдалған пайда немесе залалмен және алынған және алуға жататын өтеу сомасының арасындағы айырмашылық пайда мен залалдың құрамында көрсетіледі.

Қаржы активті толық емес көлемде істен шығарған кезде (мысалы, егер Топ берілген активтің бір бөлігін сатып алу мүмкіндігін сақтаса немесе иемденуден іс жүзіндегі барлық тәуекелдер мен пайданың сақталуына әкелмейтін қалдық мүддесін сақтаса, сонда Топ бақылауды сақтайды), Топ қаржы активтің бұдан бұрынғы теңгерімділік құнына, ол әрі жалғасып келе жатқан қатысу арқасында мойындауды жалғастырып келе жатқан бөлігіне, және ол осы бөліктердің беру күніндегі салыстырмалы шын құнына сүйене отырып енді мойындамайтын бөлігінің арасында бөледі. Енді мойындалмайтын бөліктерге бөлінген теңгерімділік құны, енді мойындалмайтын бөлік үшін алынған сыйақы сомасы, және өзге жиынтық кірістердің құрамында танылған, оған бөлінген кез-келген қорланымдалған пайда немесе залалдың арасындағы айырмашылық пайдалар немесе залалдарда көрсетіледі. Өзге жиынтық кірістің құрамында танылған қорланымдалған пайда мен залал осы бөліктердің салыстырмалы шын құнын ескере отырып, әрі қарай танылатын бөлігі мен енді танылмайтын бөлігінің арасында бөлінеді.

***(viii) Қаржы міндеттемелер және капитал***

Борыштық және үлестік қаржы құралдар қаржы міндеттеме мен үлестік құралдың тиісті шарты мен анықтамасының мәнін ескере отырып, қаржы міндеттемелері және капитал ретінде жіктелінеді.

***(ix) Үлестік құралдар***

Үлестік құралдар – ол оның барлық міндеттемелерін шегергеннен кейін ұйым активіндегі қалдық қатысуы туралы куәландыратын кез-келген келісімшарт. Топпен шығарылған үлестік құралдар шығарылымға жіберілген тура шығындарды шегергеннен кейінгі алынған пайдалар бойынша есепке алынады.

***(x) Өзге қаржы міндеттемелер***

Заемдық қаражаттарды қоса отырып, өзге қаржы міндеттемелер мәмілені ресімдеу жөніндегі шығындарды шегеріп тастағаннан кейін, шын құны бойынша есепке алынады.

Одан кейін өзге қаржы міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизациялық құн бойынша бағаланады. Пайыздық шығыс тиімді есептесу мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелінеді.

***(xi) Қаржы міндеттемелерін есепке алуды тоқтату***

Топ қаржы міндеттемелерін есепке алуды тек сонда ғана тоқтатады, егер Топтың міндеттемелері өтелсе, күшін жойса немесе аяқталса. Қаржы міндеттеменің тенгерімділік құны және төленген немесе төлеуге жататын сыйақының арасындағы айырмашылығы пайда мен залалдың құрамында көрсетіледі.

***(xii) Туынды қаржы құралдары***

Туынды құралдар бастапқыда туынды келісімшартты жасасқан күні бойынша шын құны танылады және соңынан әрбір есептік күні олардың шын құнына дейін қайта бағаланады. Жиынтық пайда немесе залал жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемеде танылады, егер тек туынды құрал мойындалмаса және хеджерлеу құралы ретінде жарамды болса, бұл жағдайда жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемедегі мерзімді мойындау хеджерлеу қатынасының сипатына байланысты болады.

Оң шын құны бар туынды құрал қаржы активі ретінде, ал теріс шын құны бар туынды құрал – қаржы міндеттемесі ретінде танылады. Туынды құрал ұзақ мерзімді актив немесе ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде сол жағдайда танылады, егер қалған қолданыстағы құралдың мерзімі 12 айдан асса және оның сатылуы немесе өтелуі алдағы 12 айдың ішінде көзделмесе. Өзге туынды құралдар қысқа мерзімді активтерге немесе қысқа мерзімді міндеттемелерге қосылады.

***(xiii) Қоса берілген туынды құралдар***

Қоса берілген туынды құралдар негізгі келісімшарттан бөлінеді де, жеке есепке алынады, егер экономикалық сипаттамасы және негізгі келісімшарт тәуекелдері мен қоса берілген құрал өзара байланыспаса, және егер құрамдастырылған құрал ОССЧПУ ретінде айқындалмаса.

Бастапқыда туынды құралдар шын құны бойынша танылады. Мәміле жөніндегі тиісті шығындар олардың пайда болу шамасына қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемеде танылады. Бастапқы мойындалғаннан кейін туынды құралдар шын құны бойынша бағаланады, және оның өзгерісі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемеде танылады.

**(г) Акционерлік капитал**

***(i) Жай акциялар***

Жай акциялар капитал санатында жіктелінеді.

***(ii) Артықшылықты акциялар***

Артықшылықты акциялар капитал ретінде жіктелінеді, егер олар міндетті сатып алуға жатпаса, немесе тек Компанияның таңдауы бойынша сатып алынуы мүмкін болса, ал оның дивидендтері Компанияның қарап шешуі бойынша төленеді. Осындай акция дивидендтері бөлу (акционерлерге төлеу) ретінде танылады және капитал құрамында көрсетіледі.

Артықшылықты акциялар міндеттемелер ретінде жіктелінеді, егер олар міндетті сатып алуға немесе белгілі бір күнге жатса, немесе акционерлердің таңдауы бойынша, немесе егер ол бойынша дивидендтерді төлеу міндетті болып табылса. Осындай акция дивидендтері жиынтық кіріс туралы есепте пайыздық шығыстар ретінде танылады.

***(iii) Дивидендтер***

Дивидендтер міндеттеме ретінде көрінеді және есептік күніндегі жағдайы бойынша капитал шамасынан есептен шығарылады, егер олар тек есептік күнге немесе оған дейін хабарланса. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есептік күнге дейін ұсынылса немесе есептік күннен кейін ұсынылса немесе хабарланса, бірақ шоғырландырылған қаржы есептеме шығару күніне дейін бекітілген болса ғана хабарланады.

***(iv) Бөлу***

Егер Компания акционерлері өздерінің қарауы бойынша активті сатып алу туралы шешімді қабылдаса, онда осындай сатып алу Акциоенердің пайдасына есептеу ретінде қарастырылады. Осындай сатып алуға арналған шығындар меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептемеде бөлу ретінде көрсетіледі.

**(д) Негізгі құрал-жабдық**

***(i) Тану және бағалау***

Негізгі құрал-жабдықтардың нысандары қорланымдалған амортизациялық құндарды және құнсызданудан болған залалдарды шегергеннен кейін нақты құны бойынша көрсетіледі. 2005 жылғы 1 қаңтардағы, яғни ҚЕХС-ке көшу күнінің жағдайы бойынша негізгі құрал-жабдықтардың нақты құны көрсетілген күні бойынша, яғни олардың шын құнының негізінде айқындалған.

Құнына тиісті активті сатып алумен тікелей байланысты барлық шығындар кіреді. Өз күштерімен тұрғызылған (салынған) активтердің нақты құнына материалдарға арналған шығындар, еңбекке ақы төлеуге арналған тікелей шығындар, оларды мақсаты бойынша пайдалану үшін активтерді жұмыс қалпына келтірумен тікелей байланысты өзге барлық шығындар және активтерді бөлшектеу мен орын аударуға және олардың орналасқан участкелерін қалпына келтіруге арналған шығындар кіреді. Тиісті жабдықтың функционалдық мақсатымен тығыз байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған шығындар осы жабдықтың құнына капиталдандырылады.

Егер негізгі құрал-жабдықтардың нысаны пайдалы пайдаланудың әр түрлі мерзімі бар жеке компоненттерден тұрса, онда олардың әрқайсысы негізгі құрал-жабдықтың жеке нысаны (елеулі компоненті) ретінде ескеріледі.

Негізгі құрал-жабдықтың істен шығуы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемедегі өзге кірістер мен залалдарда танылады.

***(ii) Келесі шығындар***

Негізгі құрал-жабдықтар нысанының бөлігін аударумен байланысты шығындар, егер Топ көрсетілген бөліммен байланысты болашақта экономикалық пайданы алу ықтималдылығы жоғары болып табылса және оның құнын анық айқындау мүмкін болған жағдайда ғана, осы нысанның теңгерімдік құны сол жоғдайда ғана артады. Ауыстырылған бөлімнің теңгерімділік құны есептен шығарылады. Негізгі құрал-жабдықтар нысандарының ағымдағы жөндеуіне және қызмет көрсетуіне арналған шығындар олар пайда болған кезде жиынтық кіріс туралы есептемеде танылады.

*(iii) Амортизациялау*

Уран өндіру және оны алдын ала өңдеу үшін пайдаланатын негізгі құрал-жабдықтарды амортизациялау осы негіздеме тұтыну құрылымын ең жақсы тәсілімен көрсететін, тек сол баптарға қатысты өндірістік әдіс негізінде есепке алынады. Жер телімдері амортизацияланбайды.

Келесі активтердің түрлері белгілі кен орнынан қорларды алу негізінде өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады, оған лицензияларды қолдану мерзімі ішіндегі мына активтер жатады:

- өндірістік ғимараттар және құрылыстар;
- машиналар және жабдық.

Өзге негізгі құралдарды амортизациялау олардың пайдалы пайдалануының күтілетін мерзімінің ішінде түзу әдістің негізінде жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Жалға алынған активтер екі мерзімнің ең азысы ішінде амортизацияланады: жалға алу мерзімі және активтерді пайдалы пайдалану мерзімі.

Пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімі мынадай түрде көрсетілген:

| | |
|---|---|
| Ғимарат | 10 - 45 жыл |
| Машиналар және жабдық | 2 - 5 жыл |
| Көлік құралдары | 2 - 10 жыл |
| қалғандары | 3 - 20 жыл |

Амортизациялау әдістері, пайдалы пайдаланудың мерзімі және негізгі құрал-жабдықтардың қалдық құны әрбір есептік күннің жағдайы бойынша талданады.

**(e) Өндіруге дайындық жөніндегі шығындар**

Топ ГКЗ белгілеген есептесу әдісін пайдаланады. Осы әдістеме барлық кезеңдерде өз кезегімен пайдаланылады.

Өндіруге дайындық жөніндегі шығындарға өндіруге дайындау жөніндегі технологиялық сутартатын және айдаушы ұңғымаларды бұрғылау жөніндегі капиталдандырылған шығындар және олардың жер үстіндегі коммуникациялардың, жабдықтардың және бақылау-өлшеу аппаратураларының ішкі магистралдық бекіткіші және өзге шығындар кіреді. Өндіруге дайындау жөніндегі шығындар қорланымдалған тозудан және құнсызданудан болған қорланымдалған залалдарды есептен шығарғаннан кейінгі өзіндік құны бойынша бағаланады. Өндіруге дайындау жөніндегі шығындарды уран өндіру кезінен бастап, дәлелденген және ықтимал қорларды бағалауға арналған негіздеменің өндірістік әдісінің өндіріс шығынына жатқызады. Дәлелденген және ықтимал қорлардың есептесуі жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарттың құрамдас бөлігі болып табылатын қорлар туралы есептемеге негізделеді. Қорлар туралы аталған есептеме Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін іске асырушылық үлгісіне кіреді, және онда жалпы дәлелденген қорлар және жылдар бойынша күтілетін жоспарланған өндіру егжей-тегжейлі жазылады.

Уран шығарудың рентабельділігін көрсету кезінде барлау және бағалау активтері өндіруге дайындау жөніндегі шығындарға енгізуге жатады, сондай-ақ өндіруге дайындау жөніндегі шығындарға участкені қалпына келтіру, ионайырбастырылған шайырдың құны жөніндегі бағалау шығындар кіреді, және техникалық-экономикалық негіздеме бекітілгеннен кейінгі кезенінде болған, өндіруге дайындау жөніндегі жоғарыда аталған шығындар капиталдандырылады.

Өндіруге дайындау жөніндегі капиталдандырылған шығындар құнсызданудан болған қорланымдалған амортизациялауды және қорланымдалған шығындарды есептен шығарғаннан кейінгі өзіндік құны бойынша бағаланады.

**(ж) Жер қойнауын пайдалану құқығы**

Жер қойнауын пайдалану құқығы құнсызданудан болған қорланымдалған амортизациялау сомасын және залалдарын есептен шығарғаннан кейінгі бастапқы құны бойынша есепке алынады.

Жер қойнауын пайдалану құқығы уран өндіруді бастау кезеңінен бастап дәлелденген және ықтимал қорлардың негізіндегі өндірістік әдісі бойынша амортизацияланады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алудың капиталдандырылған құнына қол қойылған бонус, коммерциялық табу бонусы, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу құны және капиталдандырылған тарихи шығындар кіреді.

Топ лицензияларды бергенге дейін лицензияланған аумақтарға қатысты Үкімет шеккен тарихи шығындарды өтеуге тиісті. Аталған тарихи шығындар лицензиялардың қолданыс мерзімі ішінде жүргізілетін, келтірілген төлеу құнына тең тиісті міндеттемелерді мойындаумен сатып алу құнының бөлігі ретінде танылады.

Дәлелденген қорлардың есептесуі жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қорлар туралы есептемеге негізделген. Қорлар туралы аталған есептемеге Үкімет бекіткен техникалық-экономикалық үлгі енгізіледі және онда жылдар бойынша күтілетін көлем бөлігінде егжей-тегжейлі ақпарат берілген.

**(з) Материалды емес активтер**

***(i) Зерттеу және әзірлеу***

Жаңа ғылыми немесе техникалық білім және түсінікті алу мақсатымен зерттеу қызметіне арналған шығындар, олар пайда болған кезенде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемеде танылады. Әзірлеу қызметі жаңа немесе едәуір жетілдірілген бұйымдар мен процестердің өндірісін жоспарлау немесе жобалау кезінде ғылыми зерттеулердің нәтижесін қолдана отырумен байланысты болады. Егер әзірлеуге арналған шығындарды сенімді бағалауға болса, бұйым немесе процесс техникалық және коммерциялық көзқарасы жағынан жүзеге асырылатын болып табылса, болашақта экономикалық пайда алу ықтималдылығы жоғары болса, және Топ әзірлеу процесін аяқтауға және активті пайдалануға немесе сатуға ниеттенсе және ол үшін жеткілікті ресурстары бар болса, тек сол жағдайда ғана олар капиталдандырылады. Капиталдандырылған шығындарға белгіленген мақсаттарға пайдалану үшін тікелей активті дайындауға жататын материалдар шығындары, еңбекке ақы төлеуге арналған және үстеме шығынның тікелей шығындары жатады. Әзірлеуге арналған өзге барлық шығындар тиісті кезеңдегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемеде танылады.

***(ii) Материалды емес өзге активтер***

Топ сатып алған және пайдалы пайдаланудың түпкілікті мерзімі бар материалды емес өзге активтер амортизацияның қорланымдалған сомасын және құнсызданудан болған залалдарды есептен шығарғаннан кейінгі нақты құны бойынша көрсетіледі.

***(iii) Келесі шығындар***

Егер келесі шығындар аталған активтегі болашақ экономикалық пайданы арттырса, тек сол жағдайда ғана олар нақты активтің құнына капиталдандырылады. Дербес құрылған іскерлік беделдер мен сауда маркаларына қатыстыларды қосқандағы өзге барлық шығындар пайда болу шамасына қарай жиынтық кіріс туралы есептемеде танылады.

***(iv) Материалды емес активтерді амортизациялау***

Іскерлік беделден ерекшеленетін материалды емес активтердің амортизацияланған аударымдары олар пайдалануға дайын болған мерзімінен бастап есептелінеді және олардың пайдалы пайдалануының тиісті мерзімдерінің ішінде тура әдісті пайдалана отырып, жиынтық кіріс туралы есептемеде танылады. Есептемелік және салыстырмалы кезеңдердегі материалды емес активтерді пайдалы пайдалануының күтілетін мерзімдері мынадай болды:

- Лицензиялар және патенттер 4-тен бастап 7 жылға дейін
- Бағдарламалық қамтамасыз ету 3-тен бастап 6 жылға дейін
- Қалғандары 2-ден бастап 7 жылға дейін

**(и) Барлау және бағалау активтері**

Топ нақты шығындар бойынша есепке алу үлгісін пайдаланады.

Барлау және бағалау активтеріне нақты аймақты барлауға арналған және мынадай коммерциялық рентабельді өндірісті, яғни барлау жұмыстарына жататын геологиялық және геофизикалық зерттеулерге арналған шығындар, аршылым жұмыстары және шығыс жүкқұжаттары сияқты жүзеге асыру мүмкіндігін бекіткенге дейін Топ заңды құқығын алғаннан кейін шеккен капиталдандырылған шығыстары енеді.

Жер қойнауын пайдалану құқығын алғанға дейінгі іс-әрекет барлауға дейінгі деп есептелінеді. Барлауға дейінгі іс-әрекет жөніндегі барлық шығындарға олар шеккен шамасына қарай шығысқа жатады және барлауға дейінгі іс-әрекетпен байланысты операциялар жөніндегі жобалық жұмыстар, жобаның техникалық-экономикалық бағасы және шығыс жүкқұжаттары сияқты осындай шығындар енеді.

Барлау және бағалау кезеңдері аяқталғаннан кейін жер қойнауын пайдалану туралы келісімшартты бұзу туралы шешім минералдық ресурстарды барлау мен бағалау жетістіктеріне және өндіру (әзірлеу) кезеңіне көшу туралы Топтың шешіміне байланысты болады.

Барлау және бағалау активтері олардың сипатына қарай материалды немесе материалды емес ретінде жіктелінеді.

Барлау және бағалау активтері уран алудың рентабельділігін көрсеткеннен кейін өндіріске дайындау жөніндегі шығындарға аударылады.

Барлау және бағалау активтері құнсыздану заттарына бағаланады, және құнсызданудан болған кез-келген залалдар жіктеудегі өзгерістерге дейін танылады.

Бұдан басқа, барлау және бағалау активтері құнсыздану заттарына сол кезде бағаланады, егер фактілер мен жағдайлар барлау-бағалау активтерінің теңгерімділік құны оның өтеу құнынан асып түсуі мүмкін екендігін көрсеткен кезде.

Барлау және бағалау іс-әрекеттеріне тікелей жатпайтын жалпы барлық шығыс жүкқұжаттары олардың пайда болу шамасына қарай ағымдағы шығыстарға жатады.

***(і) Барлау және бағалау активтерін амортизациялау***

Материалды және материалды емес активтер бөлігіндегі барлау және бағалау активтері техникалық-экономикалық негіздеме бекітілген уақытқа дейін өндірістік әдіс бойынша тәжірбиелі өндіру кезеңінде амортизацияланады. Техникалық-экономикалық негіздеме бекітілгеннен кейін материалды және материалды емес активтер бөлігіндегі барлау және бағалау активтері өндіріске және тиісінше жер қойнауын пайдалану құқығын дайындау жөніндегі шығындар құрамына ауыстырылады.

**(к) Жалға алынған активтер**

Топ оның талаптары бойынша жеке меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды өзіне алады, сонда жалгерлік шарттары қаржы жалгерлік шарттары ретінде жіктелінеді. Бастапқы тану кезінде жалгерлік актив оның шын құны ішіндегі ең аз тең сомасымен және келтірілген ең аз жалгерлік төлем құнымен бағаланады. Бастапқы танудан кейін осы актив осындай жіктелім активтеріне қолданылатын Топтың есептеу саясатына сәйкес есепке алынады.

Жалгерлік өзге шарттар операциялық жалгерлік ретінде жіктелінеді, және тиісті жалгерлік активтер Топтың қаржы жағдайы туралы есептемеде танылмайды.

Операциялық жалгерлік жөніндегі төлемдер жалгерлік мерзім ішінде тура әдіс бойынша пайдада және залалда танылады. Жалгерлік шарт жөніндегі ынталандырулар жалгерлік мерзім ішінде жалпы жалгерлік шығындардың ажырамас бөлігі ретінде танылады.

Қаржы жалгерлігі жөніндегі ең аз жалгерлік төлемдер қаржы шығыстары және өтелмеген міндеттемелердің азаюының арасында бөлінеді. Қаржы шығыстары қалған теңгерімділік міндеттемелер

жөніндегі тұрақты мерзімдік пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету үшін жалгерлік мерзім ішіндегі әрбір кезеңге бөлінеді.

Күтпеген міндеттемелердің енді болмайтыны және жалгерліктің түзетілгені туралы белгілі болған кезде, шартты жалгерлік төлемдер қалған жалгерлік мерзім ішінде ең аз жалгерлік төлемдерді қайта қарау арқылы есепке алынады.

**(л) Қорлар**

Қорлар екі шамасы ішіндегі ең азы бойынша танылады: нақты өзіндік құны және іске асырудың таза құны. Қорлардың нақты өзіндік құны орта есеппен өлшенген құн принципі бойынша айқындалады, және оған сатып алуға арналған шығындар, өндіруге немесе дайындауға арналған шығындар және қорларды олардың нағыз орналасқан жеріне жеткізу және оларды тиісті қалпына келтіру үшін шеккен өзге шығыстар енеді. Жеке өндіріс қорларына және аяқталмаған өндіріс нысандарына қатысты, сондай-ақ нақты өзіндік құнына кәсіпорынның өндірістік қуаттылығына нормативтік жүктеу кезінде өндірістің стандарттық көлемі бойынша есептелінетін шығыс жүктемелерінің тиісті үлесі енеді.

Іске асырудың таза құны осы нысанды және оны сату жөніндегі жұмысты орындаудың аяқталуына арналған есеп айырысу шығындарын шегергеннен кейінгі жай шаруашылық қызметінің барысында қор нысанын сатудың ықтимал құнын көрсетеді.

**(м) Акционерге ақшалай емес активтерді бөлу**

Топ өзінің иеленушілеріне (бұл жағдайда түпкілікті бақылаушы тарапқа) активтерді бөлу жөніндегі міндеттемелерді таниды, егер Топ осындай активтерді иеленушілерге (атап айтқанда,оған Компания иеленушілерінің рұқсаты енеді) сыйақысыз осындай активтерді беру туралы қайтарылмайтын міндеттемелерді жасаса, және сонда міндеттеме сомасы сенімді бағалануы мүмкін. Міндеттеме танылған кезде, сондай-ақ Компания капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептемеде оны иеленушілерге бөлу ретінде таниды.

**(н) Құнсыздану**

***(і) Қаржы активтері***

Қаржы активі әрбір есептік күндегі жағдайы бойынша оның құнсыздануы мүмкін объективті куәлігі бар нысанасы бойынша бағаланады. Егер осы активтерден болған ақшалай қаражаттардың болашақ ағындарынан күтілетін шамасына жағымсыз әсер еткен бір немесе бірнеше оқиғалардың болғанына объективті куәлігі бар болған жағдайда, онда қаржылық актив құнсызданған деп есептелінеді. Елеулі қаржы активтері жекелей құнсыздану заттарына тестіленеді. Қалған қаржы активтері ұқсас кредиттік тәуекелдік сипаты бар топтарда ұжыммен бағаланады.

ИНДП санатындағы құнды қағаздар үлесіндегі қаржы салуының құнсыздануның объективті куәлігі деп олардың шын құнының сатып алу құнынан төмен едәуір немесе ұзақ құлдырауы болып есептелінеді.

Өзге барлық қаржы активтері бойынша құнсызданудың объективті куәлігі мыналар болуы мүмкін:

- эмитенттің немесе уағдаласушының едәуір қаржылық қиындықтары; немесе
- шартты бұзу, мысалы, борыштың пайыздық немесе негізгі сомасын төлеуден бас тарту немесе жалтару; немесе
- қарыз алушының банкрот немесе қаржылық қайта құрылуының жоғары ықтималдылығы; немесе
- осы қаржы активі үшін қаржылық қиындықтар салдарынан актив нарығының жойылып кетуі.

Құнсызданудан болған залал сомасы амортизациялық құны бойынша есептелінген қаржы активіне қатысты бастапқы пайыздың тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталған активтің теңгерімділік құны мен болашақта күтілетін ақшалай қаражаттар ағындарының келтірілген құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелінеді. Құнсызданудан болған барлық залалдар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемеде танылады.

Өзге жиынтық кірісте қорланымдалған осындай құнсызданудың, кірістердің немесе шығыстардың объективті куәлігін пайдалана отырып, ИНДП қаржы активіне қатысты құнсызданудан болған залалдарды айқындаған кезде, қаржы активінің есептен шығарылғанына қарамастан кезең ішіндегі қаржы нәтижелері бойынша реклассификацияланады. Құнсызданудың сомасы оның ағымдағы шын құнына сілтеу арқылы есептелінеді.

Егер сторнолау құнсызданудан болған залалды танудан кейін болған оқиғамен объективті байланысты болуы мүмкін болса, онда құнсызданудан болған залал сторноланады. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері және өздерін борыштық құнды қағаздармен көрсететін ИНДП-тің қаржы активтері үшін, сторнолау жиынтық кіріс туралы есептемеде көрсетіледі. Сторнолау құнсыздану күніндегі инвестицияның теңгерімділік құны сол деңгейде танылады, егер құнсыздану танылмаған жағдайда, және айқындалған амортизацияланған құнынан аспаса.

*(ii) Қаржылық емес активтер*

Қорлардан және кейінге қалдырылған салық активтерінен ерекшеленетін Топтың қаржылық емес активтерінің теңгерімділік құны оның құнсыздану мүмкіндігінің белгілерін анықтау үшін әрбір есептік күнге талданады. Осындай белгілер бар болған жағдайда, тиісті активтің төленетін құнына есептелінеді.

Активтің төленетін құны немесе генерирленген бірлік екі шаманың ішіндегі ең үлкенін көрсетеді: осы активтің пайдаланушы құны және сатуға арналған шығындарды шегергеннен кейінгі оның шын құны. Пайдаланушы құнды есептеген кезде болашақта күтілетін ақшалай қаражаттардың ағыны осы актив үшін ерекше болып табылатын ақша мен тәуекелдің уақытша құнында ағымдағы нарық бағасын көрсететін дисконттаудың салыққа дейінгі мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың келтірілген құнына дейін дисконталады. Құнсыздану затына тексерісті өткізу мақсатында активтер ең аз топқа бірігеді, соның шеңберінде тиісті активтердің одан әрі пайдалануының нәтижесінде ақшалай қаражаттардың ағыны генерирленеді, және осы ағын көп жағдайда басқа активтермен немесе актив топтарымен («генерирленген бірлік») генерирленген ақшалай қаражаттардың ағынына тәуелді емес. Құнсыздану затын тексеру мақсатымен бизнесті сатып алу нәтижесінде сатып алынған гудвилл генерирленген бірліктерге бөлінеді, олар бірігу синергиясынан тек ұтады.

Егер осы активтерге жататын активтің теңгерімділік құны немесе генерирленген бірлігі оның өтейтін құнынан жоғары болса, сол жағдайда ғана құнсызданудан болған залалдар мойындалады. Құнсызданудан болған залалдар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемеде мойындалады.

Басқа активтерге қатысты бұрынғы кезеңдерде танылған құнсызданудан болған залалдар құнсызданудан болған залалдардың азаюы немесе жоғалу белгілері бар болған әрбір есептік күн бойынша бағаланады. Егер өтелетін құнды айқындау үшін пайдаланатын бағалауда өзгерістер болса, құнсызданудан болған залал сторноланады. Құнсызданудан болған залал тек сол шамада сторноланады, активтің теңгерімділік құны, егер құнсызданудан болған залал танылмаса, тозу немесе амортизациялау шегергеннен кейін айқындалатын теңгерімділік құнынан аспаса.

**(о) Қызметкерлерге сыйақы**

*(i) Қызметкерлерге өзге ұзақ мерзімді сыйақы*

Еңбекке жарамдылығынан айырылу, кәсіби ауру, асыраушысынан айырылған жағдайда өтем төлеуге жататын қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақы беруге қатысты Топ міндеттемесінің нетто-мөлшерлемесі болашақ сыйақы сомасынан көрінеді, персонал ол құқықты ағымдағы және өткен кезеңдерде тапты. Осы болашақ сыйақылар олардың ағымдағы құнын айқындау мақсатымен дисконтталады. Ықтимал өтем мөлшері қолданыстағы заңнаманың негізінде есептелінеді. Дисконттау мөлшерлемесі мемлекеттік облигациялар бойынша тәуекелсіз сыйақы мөлшерлемесімен көрсетіледі.

*(ii)* ***Қысқа мерзімді сыйақылар***

Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақы беруге қатысты міндеттемелердің шамасын айқындаған кезде дисконттау қолданылмайды, және тиісті шығыстар қызметкерлер өздерінің еңбек міндеттемелерін орындау шамасына қарай танылады.

Егер Топта қызметкер бұрынғы өзінің еңбек қызметін жүзеге асыру нәтижесінде түзілген тиісті соманы төлеу жөніндегі қолданыстағы құқықтық және конструктивті міндеттемелер бар болса, және осы міндеттемелердің шамасын дұрыс бағалауға мүмкін болса, онда сыйлықақы төлеудің қысқа мерзімді жоспар немесе пайдада қатысу шеңберінде төлеу үшін күтілетін сомаға қатысты міндеттемелер танылады.

(п) **Зейнетақы міндеттемелері**

Топ ұйымдары 1998 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген " Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өздерінің қызметкерлерінен мемлекеттік зейнетақы қорына аударым ұстауды жүргізеді.

Барлық қызметкерлердің 1998 ж. 1 қаңтардағы жағдайы бойынша еңбек өтілі еңбек өтіліне барабар мөлшерде бар болса, және егер олардың еңбек өтілі 1998 ж. 1 қаңтарына бар болса, онда оларда кепілдікті зейнетақымен қамсыздандыру құқығы бар. Сондай-ақ қосымша, қызметкерлерде жалақыдан 10%, алайда 2012 жыл үшін айына 130,792,50 теңгеден (2011 ж.: айына 119,992 теңге) аспайтын мөлшердегі қызметкерлерден міндетті жарнаны алу нәтижесінде пайда болған жеке зейнеткерлік қорланым есебінен қорлардан зейнеткерлік төлем төлеуге құқығы бар.

(р) **Сақтық қорлар**

Егер Топта бұрын болған қандай-да бір оқиғаның нәтижесінде заңдық немесе конструктивтік міндеттеме пайда болса, оның шамасын дұрыс бағалауға мүмкін болса, және осы міндеттемені реттеу үшін экономикалық пайда жылыстауының қажет болуының жоғары ықтималдылығы бар болған жағдайда, сақтық қоры танылады. Сақтық қор шамасы салыққа дейінгі мөлшерлемесі бойынша ақшалай қаражаттардың күтілетін ағындарын дисконттау арқылы айқындалады, ол осы міндеттемеге тән ақша мен тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын көрсетеді.

***(i) Кен орындарын қалпына келтіру***

Топ қызметі қоршаған ортаны қорғау жөніндегі әртүрлі заңдар және ережелермен реттеледі. Топ сақтық қорларын басшылар заңнаманың ағымдағы талаптарын және келісімшарттардың лицензиялық шарттарын түсіну негізінде кен орнын қалпына келтіру бойынша бағалайды. Сақтық қор болашақ ақша шығындарын бағалау арқылы айқындайды, оны Топ есептік күнде бар кен орындарының залалын қалпына келтіру үшін шегеді, және осындай ақшалай ағындар олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Болашақ кезеңдерде шеккен нақты шығындар салық қорының сомасынан едәуір ерекшеленуі мүмкін. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдар мен ережелердегі болашақ өзгерістер, кен орындары лицензияларының қолдану мерзімі және дисконттық мөлшерлемелер аталған сақтық қорының теңгерімділік құнына әсер етуі мүмкін. Қосымша көзделмеген шығындар бойынша, олар жаңа ақпараттар, заңдар және бағалаулар пайда болғанына қарай белгілі болған кезде, қосымша сақтық қор келешекке арналған негіздеме бойынша құрылады.

(с) **Кепілдіктер**

Топтың қауымдастық және бірлесе бақыланатын ұйымдардың және өзге байланысқан тараптардың төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатымен Топ кепілдіктер беру туралы шарттарды жасасқан кезде, Топ аталған шарттарды шартты шарттар ретінде қарастырады және оларды солар сияқты есептейді. Осыған байланысты Топ тиісті кепілдіктер бойынша төлеуін жүзеге асыруы ықтимал болған

уақытқа дейін, Топ кепілдіктер шартын шартты міндеттемелер ретінде қарастырады.

(т) **Кіріс**

*(i) Тауарларды сату*

Тауарларды сатудан түскен кірістің шамасы берілген барлық сауда жеңілдіктер мен берулерді ескере отырып, алынған немесе алуға жататын өтеулердің шын құны бойынша бағаланады. Жеке меншік құқығымен байланысты едәуір тәуекелдер мен пайдалар сатып алушыға берілген болса, және бұл ретте тиісті өтеу алу ықтималдылығы жоғары болса, шеккен шығындар, тауарлардың ықтимал қайтарылуы сенімді бағалауға мүмкін болса және сатылған тауарлардың басқаруына қатысу тоқтатылған жағдайда, кіріс тек сол кезде танылады.

Тәуекелдер мен пайдаларды беру кезінде сату шартының нақты талабына тәуелді түрленеді. Уран, тантал, берилл өнімдерін сату кезінде тәуекелдер мен пайдаларды беру әдеттегідей DAF (шекараға дейін тауарларды жеткізу), DDU (бажды төлеусіз жеткізу), FOB (франко-борт) және (CIF) (құны, сақтандыру және кірепұл) шарттарында тиісті INCOTERMS жіктеліммен өтеді.

Электроэнергия мен су сатудан болған кіріс (бұдан әрі - "коммуналды қызметтер") сақтық қорды шегергеннен кейін алынған немесе алуға жататын өтеулердің шын құны бойынша көрсетіледі. Жеке меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайдалар сатып алушыға берілген болса, және бұл ретте тиісті өтеу алу ықтималдылығы жоғары болса, кіріс шамасын сенімді бағалауға мүмкін болса, ол клиентке коммуналды қызметтерді көрсеткеннен кейін ғана болады, тек сол кезде кіріс танылады.

Коммуналды қызметтерді көрсету көлемі счетчиктің көрсетуінің негізінде айқындалады. Счетчик көрсетуін Топтың Сату бөлімі ай сайын бақылайды.

*(ii) Қызметтер*

Қызметтерді көрсетуден болған кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемедегі есептік күннің жағдайы бойынша шарт бойынша жұмыстың аяқталған кезеңіне жататын бөлігінде танылады. Шарт бойынша жұмыстың аяқталған кезеңі келісімшартқа сәйкес жұмыстың орындалған көлемін шолу негізінде бағаланады.

**(у) Өзге кірістер мен шығыстар**

*(i) Субсидия*

Субсидия алынған және Топ субсидиямен байланысты барлық талаптарды Топтың орындайтынына орынды сенімі болған кезде, бастапқыда ол мерзімі ұзартылған кіріс ретінде танылады (шоғырландырылған қаржы жағдайы туралы есептемеде мерзімі ұзартылған субсидиялар ретінде көрсетіледі). Топтың шеккен шығысын өтеу үшін ұсынылған субсидиялар жүйелік негізде жиынтық кіріс туралы есептемеде тиісті шығыстар танылған сол кезеңдерде танылады. Активті сатып алуға арналған Топтың өтемақылық шығындарының субсидиялары осы активтің пайдалы пайдаланудың ұзақ мерзімінде жүйелік негізде тиісті активтің шотына есептелінеді.

*(ii) Әлеуметтік төлемдер*

Топ жарнасы жалпы қоғамның игілігіне, яғни әлеуметтік бағдарламаларға бағытталған кезде, онда ол жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда жазылмайды және Топ қызметкерлерінің пайдасына төлем төлеумен шектелмейді, олар оны жүзеге асыру шамасына қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемеде танылды.

(ф) **Қаржы кірістері мен шығыстары**

Қаржы кірістерінің құрамына инвестицияланған қаражаттар жөніндегі пайыздық кірістер (соның ішінде ИНДП бойынша), дивидендтік кіріс, қаржы активтерінің шын құнының өзгеруі, ОССЧПУ, сондай-ақ оң бағамдық айырма енеді. Егер Топтың экономикалық пайдаларды алу ықтималдығы жоғары болса, және кіріс шамасы тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып дұрыс анықталуы мүмкін болса, ол оны тану кезінде аталған активтің таза теңгерімділік құнына дейін қаржы активін өтеуге дейін күтілетін мерзім ішінде күтілетін болашақ ақша түсімдерінің дисконтталуының қамтамасыз етілуі осылай есептелінеді, онда пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемеде есептеген кезде танылады. Дивидендтік кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептемеде танылады сол кезде, егер Топта тиісті төлемді алуға құқығы болса (егер Топтың экономикалық пайданы алуға ықтималдылығы жоғары, және кіріс шамасы дұрыс анықталуы мүмкін болса).

Қаржы шығысының құрамына қарыздар жөніндегі пайыздық шығыстар, резервтер жөніндегі дисконтты есепке алу, міндеттеме ретінде жіктелімделетін артықшылықты акциялар жөніндегі дивидендтер, теріс бағамдық айырмалар, қаржы міндеттемелерінің шын құнының өзгеруі, ОССЧПУ, сондай-ақ қаржы активтері бойынша танылған, құнсызданудан болған залалдар енеді.

Қарыз шығындарына шетелдік валютадағы қарыздарды тарту нәтижесінде пайда болған бағамдық айырмалар енеді сол шамада, олар оны пайыздық төлеуге арналған залалдарды түзету деп санаған кезде. Заем қаражаттарын тартумен байланысты барлық шығындар осындай активтердің нақты құнының құрамында көрсетілетін жіктелім активтерімен байланысты заемдық қаражаттарды қоспағанда, тиісті пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып жиынтық кіріс туралы есептемеде танылады.

Шетел валютасының айырбас бағамының өзгеруінен болған кірістер мен залалдар нетто-шамасы бойынша көрсетіледі.

(х) **Пайдаға салынатын салық шығысы**

Пайдаға салынатын салық шығысына ағымдық кезеңдегі табыс салығы және қалдырылған салық енеді. Пайдаға салынатын салық шығысына тікелей капитал құрамында танылатын баптарға жататын оның сол бөлігін қоспағанда жиынтық кірістер мен залалдар туралы шоғырландырылған есептемеде көрсетіледі, осы жағдайда сондай-ақ ол тиісті капитал құрамында танылады.

Ағымдағы табыс салығы салық мөлшерлемесінің есептік күндегі жағдайы бойынша қолданыстағы немесе шын қолданысқа енгізілген негізде, сондай-ақ өткен жылдарға арналған табыс салығын төлеу жөніндегі міндеттеме шамасының барлық түзетулері есептелінген жыл ішіндегі салық салынатын пайдаға қатысты төлеуге жататын салық сомасы болып табылады.

Қалдырылған салық салық салынатын пайдаларды есептеу үшін пайдаланатын немесе бастапқыда гудвилді тану нәтижесінде пайда болған қаржы есептемесі және салық базасы мақсатындағы теңгерімділік актив құны және міндеттемелерінің арасындағы уақытша айырмашылықтар бойынша көрсетіледі. Қалдырылған салық бизнестің бірігуі болып табылмайтын және не бухгалтерлік, не салық салынатын пайдаға әсер етпейтін мәмледегі бастапқыда активтерді немесе міндеттемелерді танумен байланысты уақытша айырмашылықтарға қатысты танылмайды. Қалдырылған салық есептік күнде қабылданған немесе шын қабылданған заңдарға сәйкес олар сторноланған кездегі уақытша айырмашылықтар бойынша қолданылуға тиіс салық мөлшерлемесі бойынша анықталады. Егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алып жүргізуге заңнамалық бекітілген құқығы бар болса, және бірақ олар нетто-негізде ағымдағы салық міндеттемелері мен активтерін реттеуге ниетті бір және сол салық салынатын кәсіпорынға, не әртүрлі салық салынатын кәсіпорындарға бір және сол салық органымен өндіріп алатын табыс салығына жататын болса, онда қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепке алынады.

Топ уақытша айырмашылықты сторнолауды бақылауға мүмкіндігі бар және уакытша айырмашылықты сторнолау болашақта ықтимал болмайтын жағдайды қоспағанда, міндеттеме қауымдасқан кәсіпорындарындағы инвестициялармен байланысты салық салынатын уақытша айырмашылықтар бойынша танылады.

Қалдырылған салық активтері салық салынатын пайданы алу ықтималдылығы жоғары болған шамада танылады, оған қарсы уақытша айырмашылықтар іске асырылуы мүмкін. Қалдырылған салық активтерінің шамасы тиісті салық пайдаларының іске асырылуы енді ықтимал болмайтын бөлігінде төмендейді.

Дивидендтерді бөлу кезінде пайда болған қосымша табыс салығының сомасы тиісті дивидендтке ақы төлеу жөніндегі міндеттемелер танылған кезде танылады.

Қазақстанның қолданыстағы салық режиміне сәйкес өткен жылдың есептік кезеңінің корпоративтік табыс салығы бойынша нақты мәліметтердің негізінде бағаланған табыс салығының аванстық төлемін жүргізу талап етіледі. Аванстар тепе-тең төлемді ай сайын енгізу арқылы жүргізіледі. Есептік кезеңдегі салық деклорациясы салық органдарына келесі жылдың 31 наурызына дейін ұсынылады. Нақты салықты есептеу нәтижесінде қосымша ақы беріледі немесе табыс салығы бойынша қайта төлеу жүргізіледі.

(ц) **Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау**

**Шоғырландырылған қаржы есептемесіне елеулі әсер етпейтін қабылданған стандарттар**

Топ 2012ж. 31желтоқсанда аяқталған бір жыл ішіндегі Топтың жыл сайынғы шоғырландырылған қаржы есептемесіне қатысты қолданысқа енген КҚЕХС Халықаралық қаржы есеп-қисап стандарттарын интерпретациялау жөніндегі комитеті (бұдан әрі – «ХҚЕСИ») шығарған мынадай жаңа және қайта қаралған стандарттар мен интерпретациялар қолданылады:

**7 ҚЕХС-тегі түзетулер**

«Ақпаратты ашу – қаржы активтерін беру» (2011 ж. 1 шілдеден басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады).

Топ осы түзетулерді есептік кезеңде қолданды. Түзетулер активтерді беріп жатқан кәсіпорында қалатын мүмкін тәуекелдерді жақсы түсіну мақсатында қаржы активтерін беру туралы ақпаратты ашуды талап ету артады. Қайта қаралған стандарт «Есептік саясат, бухгалтерлік бағалаудағы өзгертулер және қателер» 8 БЕХС-ке сәйкес өткенді шолу бойынша қолданылған еді. Қайта қаралған стандарттың қағидасына сәйкес, Топ 2011 ж. 1 шілдеге дейін басталатын бір ұсынылған кезеңге қатысты аталған түзетулерге сәйкес талап етілетін ақпаратты ашуға міндетті емес. Қайта қаралған стандартты қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептемесін ашуға әсер еткен жоқ, себебі Топ сондай мәмілені 2012 ж. жасаған жоқ.

**Жаңа және қайта қаралған ҚЕХС – шығарылған, бірақ күшіне әлі енбеген**

Аталған қаржы есептемесін бекіту күніне шығарылған, бірақ Топ алдын-ала қолданылуын жүргізбеген, әлі күшіне енбеген мынадай жаңа стандарттар және интерпретациялар бар:

(i) «Қаржы құралдары» (2010 ж. қайта қарау нәтижесінде) [3] 9 ҚЕХС;
(ii) «Шоғырландырылған қаржылық есептеме» [1] 10 ҚЕХС;
(iii) «Бірлескен қызмет туралы келісім» [1] 11 ҚЕХС;
(iv) «Басқа кәсіпорындардағы қатысу туралы ақпаратты ашу» [1] 12 ҚЕХС;
(v) «Шын құнын бағалау»[1] 13 ҚЕХС;
(vi) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу»[1] 7 ҚЕХС-ға түзетулер;
(vii) «Қаржы құралдары» 9 ҚЕХС және «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» 7 ҚЕХС-ға түзетулер – 9 ҚЕХС-тың міндетті күшіне ену күні және өтпелі қағида [3];
(viii) 10 ҚЕХС , 11 ҚЕХС, 12 ҚЕХС-ға түзетулер: өтпелі қағида[1];
(ix) «Қызметкерлерге сыйақы» 19 БЕХС (2011 ж. қайта қарау нәтижесінде ) — еңбек қызметінің

аяқталуы бойынша сыйақыларды есепке алуға қатысты түзетулер [1];

(x) «Жеке қаржы есептемесі» 27 БЕХС (2011 ж. қайта қарау нәтижесінде) [1];

(xi) «Тәуелді және бірлескен кәсіпорындардағы жұмсалым» 28 БЕХС ( 2011 ж. қайта қарау нәтижесінде) [1];

(xii) «Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну – қаржы активтерін және қаржы міндеттемелерін есепке алу»[2] 32 БЕХС;

(xiii) ҚЕХС-ке түзетулер: 2009-2011 жж. кезеңдеріндегі ҚЕХС-ті жақсарту жөніндегі жыл сайынғы жоба [1];

(xiv) «Өндіру этапында кен орнын ашық әзірлеу барысында төбе жұмысына арналған шығындар»[1] 20 ПКИ-ға интерпретациялау .

[1] 2013 ж. 1 қаңтардан бастап және содан кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады.
[2] 2014 ж. 1 қаңтардан бастап және содан кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады.
[3]2015 ж. 1 қаңтардан бастап және содан кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады.

Топ жаңа және қайта қаралған стандарттар мен жаңа интерпретацияларды олар күшіне енген күннен бастап қолданатын болады. Егер өзгесі төмен келтірілген ескертпелерде көрсетілмесе, онда «Есептік саясат, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ҚЕХС жаңа және қайта қаралған стандарттардың ретроспективтік қолдануды талап етеді.

2009 ж. қарашада шығарылған «Қаржы құралдары» 9 ҚЕХС-сі қаржы активтерінің жіктелімі және бағалау жөніндегі жаңа талаптарды енгізеді. 2010 ж. қазанда стандартқа шығарылған түзетулер қаржы міндеттемелерін жіктелімдеу, бағалау және тануды тоқтату жөніндегі талапты енгізеді. 9 ҚЕХС-тың негізгі талаптары:

- «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 БЕХС-тың анықтамасына сәйкес барлық көрсетілген қаржы активтері бастапқы танудан кейін не амортизациялық, не шын құны бойынша бағалануға тиіс. Атап айтқанда, бизнес-моделі шеңберінде ұсталынатын борыштық құралдар (оның мақсаты көрсетілген шарттардағы ақша ағындарын алу болып табылады, және осындай ақша ағындар негізгі соманы және оның пайыздарын тек төлеуге енгізіледі) келесі есептік кезеңдердің аяғында амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Өзге барлық борыштық құралдар және құнды үлес қағаздар келесі есептік кезеңдердің аяғында шын құны бойынша бағаланады. Бұдан басқа, 9 ҚЕХС-ке сәйкес заңды тұлғалар кіріс және залал құрамындағы тек дивиденд кірістерін өзге жиынтық кірістерде көрсете отырып, саудаға арналмаған үлестік инвестициялардың шын құнындағы содан кейінгі өзгерістерді ұсынуға қайтарылмайтын таңдауды жасауы мүмкін.
- Атап айтқанда, егер өзге жиынтық кіріс құрамындағы міндеттемелер жөніндегі кредиттік тәуекелдің өзгеруіне әсер етуін тек тануы кіріс және залалдағы есептік дисбалансының құрылуына немесе артуына әкелетін болса, 9 ҚЕХС-ке сәйкес ОССЧПУ-ға қарайтын қаржылық міндеттемелер бойынша аталған міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруімен байланысты қаржы міндеттемелердің шын құнының өзгерулер сомасы өзге жиынтық кірістерде танылады. Қаржы міндеттемесінің кредиттік тәуекелмен байланысты шын құнының өзгеруі ақырында кіріс пен залалға режіктелімделмейді. Бұрын 39 БЕХС-ке сәйкес, ОССЧПУ ретінде белгіленген қаржы міндеттемелерінің шын құны өзгеруінің барлық сомасы кіріс және залал құрамында танылады.

Топ 9 ҚЕХС-ті қолдану Топтың қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелері есептемеде ұсынылған көрсеткіштерге әсер етуі мүмкін деп күтеді.

2011 ж. мамырда 10 ҚЕХС, 11 ҚЕХС, 12 ҚЕХС, 27 БЕХС-ті ( 2011 ж. редакцияда) және 28 БЕХС-ті ( 2011 ж. редакцияда) қоса отырып, шоғырландыру, бірлескен қызмет, ассоциаланған компаниялар және ақпаратты ашу жөніндегі бес стандарттан тұратын топтамалар жарияланған еді.

Осы бес стандарттан тұратын негізгі талаптар төменде жазылған.

«Шоғырландырылған қаржы есептемесі» 10 ҚЕХС шоғырландырылған қаржы есептемесіне жататын «Шоғырландырылған және жеке қаржы есептемесі» 27 БЕХС бөлігін ауыстырады. «Арнаулы міндеттегі компанияларды шоғырландыру» 12 ПКИ 10 ҚЕХС күшіне енгеннен кейін күшін жояды. 10 ҚЕХС-ке сәйкес шоғырландыруға тек бір ғана негіз бар - ол бақылаудың бар болуы. Бұдан басқа, 10 ҚЕХС-та үш элементтен тұратын бақылаудың жаңа анықтамасы бар: (а) инвестициялау объектісі –кәсіпорынға қатысты билік өкілеттілігі; (б) инвестициялау объектісі –кәсіпорын қызметінің өзгермелі нәтижесінің құқығы/тәуекелі; және (в) өзгермелі нәтижеге әсер ету үшін билік өкілеттілігін пайдалану мүмкіндігі. Кең көлемде басшылық ету қиын жағдайларды шешу үшін 10 ҚЕХС-ке қосылған еді.

«Бірлескен қызмет туралы келісім» 11 ҚЕХС-і «Бірлескен кәсіпорындарға жұмсалымдарды есепке алу» 31 БЕХС-пен ауыстырылсын. 11 ҚЕХС екі және одан да көп тараптармен бақыланатын бірлескен қызметті қалай дұрыс жіктелімдеу керек туралы мәселені қарастырады. «Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар – бірлесіп қызмет қатысушыларының ақшалай емес салымдары» 13 ПКИ жарамсыз деп жарияланатын болады, себебі 11 ҚЕХС күшіне енген кезден бастап, ол осы стандарты ауыстырады. Бірлескен қызмет туралы келісім 11 ҚЕХС-ке сәйкес бірлескен қызмет жөніндегі тараптардың құқығы мен міндеттемелеріне байланысты не бірлескен операциялар ретінде, не бірлескен кәсіпорындар ретінде жіктелімделеді. Салыстыру үшін, 31 БЕХС бойынша бірлескен қызмет туралы келісімнің үш түрі бар: бірлесе бақыланатын кәсіпорындар, бірлесе бақыланатын активтер және бірлесе бақыланатын операциялар. Қосымша ретінде, 11 ҚЕХС-ке сәйкес бірлескен кәсіпорындар үлестік қатысу әдісімен, ал 31 БЕХС-ке сәйкес бірлескен кәсіпорындар үлестік қатысу әдісі ретінде де, сондай-ақ үйлесімді шоғырландыру әдісімен де есептелінуі тиіс.

«Басқа кәсіпорындардағы үлестік қатысу туралы ақпаратты ашу « 12 ҚЕХС ақпаратты ашу және бірлескен қызмет туралы келісімдері бар еншілес және тәуелді кәсіпорындарда, және немесе шоғырландырылмаған құрылымдалған кәсіпорындарда үлестік қатысулары бар кәсіпорындарға қолданылатын стандарт болып табылады. 12 ҚЕХС-ке сәйкес ақпаратты ашуға арналған талап қолданыстағы стандарттарға қарағанда әлдеқайда кең.

ХҚЕС 10, 11 және 12 түзетулер осы стандарттарды алғашқы қолдану кезінде айқындалған ауыспалы ережелерді анықтау үшін 2012 жылғы маусымда шығарылған.

Осы бес стандарттар, ауыспалы ережелерге қатысты түзетулермен қоса, осы стандарттарды бір уақытта қолдану шартымен мерзімнен ерте қолдану мүмкіндігімен 2013 жылғы 1 шілдесінен немесе кешірек басталған жылдық есеп беру кезеңдер үшін күшіне енеді.

Қазіргі кезде Топ басшылары бес стандарттар пакетінің қаржылық есеп-қисапқа қолдану ықпалын бағалап жатыр.

**«Әділ құнын бағалау» ХҚЕС 13**

ХҚЕС 13 әділ құнына бағалауды жүргізуге және ХҚЕС бойынша есеп-қисапты дайындау кезінде тиісті ақпаратты ашуға қойылатын талаптардың бірегей көзі болып табылады. Стандарт әділ құнының атауын береді, оны бағалау үшін бірегей әдісін белгілейді, және әділ құнын бағалау бойынша ақпаратты ашуды талап етеді. ХҚЕС 13 қолданудың кең спектрі бар: оны
бір уақытта қаржылық инструменттер үшін де, және, басқа қолданылатын ХҚЕС әділ құнын бағалауды талап ететін немесе рұқсат ететін қаржылық инструменттер емес үшін де қолнанылады және әділ құнын бағалау бойынша ақпаратты ашуда қолданылады, бұған белгілі бір жағдайлар кірмейді. Негізінде, ХҚЕС 13 бойынша ақпаратты ашу талаптар, қолданыстағы стандарттарға қарағанда, кеңінен қойылады.
Мысалы, әділ құнының үшдеңгейлі иерархиясында негізделген ақпаратты сапалы және санды ашу, «Қаржылық инструменттер: Ақпаратты ашу» ХҚЕС 7 сәйкес қаржылық инструменттері үшін ғана талап етілетін осы уақытта ХҚЕС 13 арқылы, оның қолдану ықпалына жататын барлық активтер мен міндеттемелерді өтеу үшін, кеңейтілетін болады.

Топтың барынша ірі клиенттері China Nuclear Energy Industry Corporation және CGNPC Uranium Resources Company Limited болып табылады. Есептік күнге дейінгі жағдай бойынша осы клиенттердің жиынтық дебиторлық берешегі 36,190,935 мың теңге (2011: 32,984,856 мың теңге) құрады.

**(г) Күмәнді борыштар бойынша резерв**

Тауарларды сату жөніндегі орташа кредиттік кезең 30күнді құрайды. Дебиторлық берешек бойынша инвойсты қойған күннен бастап алғашқы 30 күннің ішінде проценттер есептелмейді. Сөйтіп, проценттер өтелмеген қалдыққа Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілейтін қайта қаржыландыру ставкасы бойынша есептелінеді (2012 ж. 31 желтоқсан: 5.5%). Күмәнді борыштар бойынша резервтер контрагенттің бұрынғы орындамаған міндеттемелерінен және сол контрагенттің ағымдағы қаржылық жағдайын талдаудан алынып есептелген қайтарылмайтын сомалардан алынып, 30-дан 120 күнге дейінгі немесе 120 күннен артық мерзіммен дебиторлық берешек есебіне жазылады.

Есептік мерзім жағдайындағы сауда дебиторлық берешегі төлем мерзімдері бойынша былайша сыныпталды:

| мың теңге | Барлығы 31.12.2012 | Күмәнді борыштар бойынша резерв 31.12.2012 | Барлығы 31.12.2011 | Күмәнді борыштар бойынша резерв 31.12.2011 |
|---|---|---|---|---|
| Мерзімі өтпеген берешек | 74,437,088 | - | 60,757,399 | - |
| Мерзімі 0-30 күн өткен | 1,659,037 | - | 1,230,468 | - |
| Мерзімі 31-120 күн өткен | 4,302,498 | - | 300,726 | - |
| Мерзімі 120 күннен астам өткен | 781,465 | 630,827 | 1,529,975 | 1,439,130 |
| | **81,180,088** | **630,827** | **63,818,568** | **1,439,130** |

Есептік кезең ішіндегі күмәнді сауда дебиторлық берешек бойынша резервтегі қозғалыс былайша ұсынылды:

| | 31.12.2012 мың теңге | 31.12.2011 мың теңге |
|---|---|---|
| **1 қаңтарға қалдық:** | **1,439,** | **563,4** |
| Күмәнді борыштар бойынша резервтің ұлғаюы | 112,7 | 1,050,( |
| Есептік бағалаудағы өзгеріс | (779,9 | |
| Жыл ішінде есептен шығарылған сомалар | (141,1 | (174,9 |
| **31 желтоқсанға қалдық:** | **630,8** | **1,439,** |

**(д) Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – бұл Топтың өз қаржылық міндеттемелерін оларды өтеу мерзімі келгенде орындай алмау тәуекелі. Топтың өтімділікті басқару тәсілінің мәні топтың қолайсыз шығындардың туындауына жол бермей, және өз беделіне нұқсан келтірмей, кәдуелгі және қиын жағдайларда да ұдайы, қолдан келгенше өз міндеттемелерін мерзімінде өтеуге жеткілікті өтімділік құралдарының болуын қамтамасыз етуінде.

Әдетте Топ күтілетін операция шығыстарын жабуға жеткілікті мөлшерде, алғашқы талап ету бойынша қол жетімді ақша қаражатының болуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте болу-болмауын негіздемелік түрде болжау мүмкін емес айрықша жағдайлардың, мысалы, апатты жағдайлардың ықтимал әсері ескерілмейді.

Төменде, өтімділік тәуекелін басқарудың маңызды элементі болып табылатын қысқа мерзімді депозиттерге орналастырған ақшасын қоса алғанда, Топтың пайдаланбаған займдары мен уақытша бос жатқан ақшалары туралы ақпарат берілген:

| | **31.12.2012 мың теңге** | **31.12.2011 мың теңге** |
|---|---|---|
| - қысқа мерзімді депозиттердегі сома | 2,991,552 | 40,983,867 |
| - есепшоттардағы ақша қаражатының сомасы | 37,207,243 | 28,158,455 |
| - займдар бойынша пайдаланылмаған сома | 9,818,625 | 4,254,340 |
| | **50,017,420** | **73,396,662** |

Төменде қаржылық міндеттемелерді өтеудің шартта көрсетілген мерзімдері туралы ақпарат берілген:

| **31.12.2012 мың теңге** | **Баланстық құны** | **Шарт бойынша ақша қаражатының ағыны** | **0-6 ай** | **6-12 ай** | **1-2 жыл** | **2-3 жыл** | **3-4 жыл** | **4-5 жыл** | **5 жылдан астам** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өндірімсіз қаржылық міндеттемелер** | | | | | | | | | |
| Қамсыздандырылған банк кредиттері | 31,567,970 | 33,441,991 | 6,822,780 | 6,276,037 | 8,249,607 | 3,132,836 | 2,179,138 | 2,128,426 | 4,653,167 |
| Артықшылықты акциялар бойынша міндеттемелер | 264,827 | 264,827 | - | - | 52,965 | 52,965 | 52,965 | 52,965 | 52,967 |
| Қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелер | 6,329 | 6,329 | 6,329 | - | - | - | - | - | - |
| Қамсыздандырылмаған банктік емес кредиттер | 1,503,942 | 1,510,958 | 924,815 | 334,628 | 24,917 | - | - | - | 226,598 |
| Өзге міндеттемелер | 27,004,649 | 27,004,649 | 27,004,649 | - | - | - | - | - | - |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | 49,561,403 | 49,561,403 | - | 47,086,712 | 309,336 | 309,336 | 309,336 | 309,336 | 1,237,347 |
| Шығарылған облигациялар | 75,273,591 | 87,192,814 | 2,356,563 | 2,356,563 | 4,713,125 | 77,766,563 | - | - | - |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Саудалық кредиторлық берешек және байланысқан салаларға берешек | 52,948,930 | 52,948,930 | 49,566,760 | 566,775 | 27,245 | - | 798,318 | 1,989,832 | - |
| | **238,131,641** | **251,931,901** | **86,681,896** | **56,620,715** | **13,377,195** | **81,261,700** | **3,339,757** | **4,480,559** | **6,170,079** |

| **31.12.2011** мың теңге | **Баланстық құны** | **Шарт бойынша ақша қаражатының ағыны** | **0-6 ай** | **6-12 ай** | **1-2 жыл** | **2-3 жыл** | **3-4 жыл** | **4-5 жыл** | **5 жылдан астам** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өндірімсіз қаржылық міндеттемелер** | | | | | | | | | |
| Қамсыздандырылған банк кредиттері | 37,863,618 | 39,569,525 | 5,993,856 | 12,843,835 | 11,611,164 | 6,638,341 | 1,170,350 | 309,224 | 1,002,755 |
| Артықшылықты акциялар бойынша міндеттемелер | 264,827 | 264,827 | - | - | 52,965 | 52,965 | 52,965 | 52,965 | 52,967 |
| Қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелер | 34,192 | 34,192 | 18,636 | 9,227 | 6,329 | - | - | - | - |
| Қамсыздандырылмаған банктік емес кредиттер | 4,664,652 | 4,729,635 | 1,704,569 | 1,696,285 | 1,121,185 | - | - | - | 207,596 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | 47,402,817 | 119,648,830 | 2,148,906 | 2,455,084 | 4,527,631 | 10,329,477 | 5,849,726 | 4,994,646 | 89,343,360 |
| Шығарылған облигациялар | 73,853,962 | 90,431,250 | 2,318,750 | 2,318,750 | 4,637,500 | 4,637,500 | 76,518,750 | - | - |
| Саудалық кредиторлық берешек және байланысқан | 46,922,035 | 46,922,035 | 46,235,090 | - | - | 143,723 | 143,723 | 143,724 | 255,775 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| салаларға берешек | | | | | | | | | |
| | **211,006,103** | **301,600,294** | **58,419,807** | **19,323,181** | **21,956,774** | **21,802,006** | **83,735,514** | **5,500,559** | **90,862,453** |

**(ж) Нарық тәуекелі**

Нарық тәуекелі – бұл нарық бағасының, мысалы шетел валюталары айырбас бағамының, сыйақылар ставкаларының және акциялар бағасының өзгеруі Топтың пайдасына немесе оның қаржы аспаптарының құнына теріс әсерін тигізу тәуекелі. Нарық тәуекелін басқару мақсаты нарық тәуекеліне ұшырғыштықты бақылау және оны ұйғарынды шектерде ұстап тұру, соның өзінде инвестициялардың табыстылығын оңтайландыруға қол жеткізу болып табылады.
Нарық тәуекелін басқару мақсатында Топ әлсін-әлсін өндірімді қаржы аспаптарын пайдаланады. Топ өндірімді қаржы аспаптары бойынша алыпсатарлық мақсаттағы келісімшарттар жасаспайды. Әдетте, Топ белгілі бір кезеңдегі пайда немесе зиян көрсеткіштерінің құбылмалылығын реттеу мақсатында хеджирлеу операцияларын есепке алудың арнайы қағидаларын қолданбайды.

***(i) Валюта тәуекелі***

Топ сауда-саттық операцияларын, Компанияның функционалдық валютасынан ерекше валютадағы займдарды сатып алу мен тартуды жүзеге асыра отырып, валюта тәуекеліне душар болады.

Займдар Топтың жұмыс істеп тұрған құрылымдарының ақша қаражатының ағындары жүріп жатқан валютаға сәйкес келетін валютада жүргізіледі. Сөйтіп, негізінен, өндірім аспаптарын қолданбай-ақ экономикалық хеджирлеуге қол жеткізіледі. Шетел валюталарындағы өзге ақша активтері мен міндеттемелеріне қатысты Топ болашақ шығыстарды төлем валютасын ескере отырып, ұйғарынды шектерде жоспарлау арқылы тәуекелге ұшыраған нетто-ұстанымды ұстап отыруға тырысады.

***(ii) Уранның нарықтық бағасының өзгеру тәуекелі***

Топтың қызметі халықаралық нарықтарда АҚШ долларымен есептелетін уран бағасының ауытқу әсеріне ұшырасады. Топ уранның болашақтағы болжамды бағасының негізінде жыл сайынғы бюджетті дайындайды.

Уран бағасы тарихи тұрғыда ауытқуға бейім тұрады және Топтың бақылауынан тыс көптеген факторлардың әсерінде болады. Олар мұнымен шектелмей, атом электр станцияларының сұраныстары, сұраныс пен ұсыныс арасындағы айырмашылықты жоюға арналғанаралас жоғары байытылған компоненттерді қайталап пайдалану және солардың болуы сияқты қайталама көздер деңгейінің сарқылуын, сондай-ақ Халықаралық атом энергиясы агенттігінің нормативтік актілері мен тікелей уран саласына қатысты өзге факторларды да қамтиды.

Есеп беретін күнгі жағдай бойынша Топтың қаржылық активтері мен міндеттемелеріне қатысты нарық бағасының өзгеру тәуекелінің айтарлықтай әсері әсері болған жоқ.

**(iii) Валюталық тәуекелге ұшырағыштық**

Топтың валюталық тәуекелге ұшырағыштығы былайша берілді:

| | **31.12.2012 АҚШ долларымен берілді** | **31.12.2011 АҚШ долларымен берілді** |
|---|---|---|
| Мерзімдік депозиттер | - | 9,002,45 |
| Саудалық дебиторлық берешек | 70,677,81 | 47,907,25 |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 15,441,83 | 27,076,51 |
| Өзге активтер | 492,01 | - |
| **Барлық активтер** | **86,611,66** | **83,986,22** |
| Кредиттер және займдар | (22,306,068 | (35,049,576 |
| Шығарылған облигациялар | (75,273,591 | (73,853,962 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | (49,561,403 | (47,402,817 |
| Өзге міндеттемелер | (492,095 | (484,456 |
| Саудалық кредиторлық берешек | (1,267,491 | (4,747,686 |
| **Барлық міндеттемелер** | **(148,900,648** | **(161,538,497** |
| **Валюталық тәуекелге ұшырағыштықтың таза сомасы** | **(62,288,988** | **(77,552,272** |

Жыл ішінде шетел валюталарының мынадай негізгі айырбас бағамы қолданылды:

| **Теңгемен** | **Орташа бағамы 2012 ж.** | **Орташа бағамы 2011 ж.** | **Есептік күнге спот бағамы 31.12.2012** | **Есептік күнге спот бағамы 31.12.2011** |
|---|---|---|---|---|
| 1 АҚШ доллары | 149.11 | 146.62 | 150.74 | 148.40 |

**Сезімталдық талдауы**

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларына қатысты теңге бағамының 10% әлсіреуі және 10% нығаюы (2011 ж. 10% және 10%) төменде көрсетілген сомалар кезеңінде капитал мен пайданың немесе зиянның шамасын көбейтер/ (кемітер) еді.

| **2012 ж.** | **Пайда немесе (зиян) мың теңге** |
|---|---|
| АҚШ доллары | |
| +10% | (6,228,899) |
| -10% | 6,228,899 |
| **2011 ж.** | |
| АҚШ доллары | |
| +10% | (7,755,227) |
| -10% | 7,755,227 |

***(iv) Сыйақы ставкасының өзгеру тәуекелі***

Сыйақы ставкасының өзгеруі, негізінен, тартылған кредиттер мен займдарға, олардың не әділетті бағасын (тіркелген сыйақы ставкасымен бірге борыштық міндеттемелерін), не олар бойынша болашақта құйылатын ақша ағынын (сыйақының ауыспалы ставкасымен бірге борыштық міндеттемелерін) өзгерте отырып, әсер етеді. Топта қабылданған саясатқа сәйкес, Топтың қолындағы ала тұру құралдарының және өзгеріс тәуекеліне ұшыраған сыйақы ставкаларының 20% -тен 40%-ке дейінгісінің тіркелген сыйақы ставкасы болуға тиісті.

Жаңа кредиттер мен займдар тарту кезінде басшылық өзінің кәсіби пайымдауы негізінде өтеу мерзімі жететін күнге дейінгі күту кезеңінде Топ үшін қандай сыйақы ставкасы (тіркелген немесе ауыспалы) неғұрлым пайдалы болатыны туралы мәселені шешеді.

Топтың проценттік своп бойынша жасасқан шарттары болады. Топ өндірім аспаптарын (проценттік своптарды) әділетті құнды хеджирлеу операцияларын есепке алу моделі шеңберінде хеджирлеу құралы ретінде белгілемейді. 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есеп-қисап үшін своп құралдарының келтірілген құны болмашы ғана.

**Құрылым**

Есеп беретін күнге Топтың сыйақы ставкаларының түрлері бойынша топтастырылған проценттік қаржы құралдарының құрылымы мынадай болды:

| **мың теңге** | **31.12.2012** | **31.12.2011** |
|---|---|---|
| **Тіркелген сыйақы ставкасының құралдары** | | |
| Қаржылық активтер | 24,349,5 | 55,683,0 |
| Қаржылық міндеттемелер | (77,118,6 | (76,382,9 |
| | **(52,769,0** | **(20,699,8** |
| **Құбылмалы сыйақы ставкасының құралдары** | | |
| Қаржылық міндеттемелер | **(31,226,8** | **(40,298,3** |

**Тіркелген сыйақы ставкасы қаржылық құралдарының әділетті құнының сезімталдығын талдау**

Топ, әділетті құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе зиян құрамында көрінетін құралдар үшін көзделген тәртіпте, тіркелген сыйақы ставкасынан ешқандай қаржы активтері мен міндеттемелерін есепке алмайды. Сондықтан есептік күнге сыйақы ставкаларының қандай да бір өзгеруі кезең ішіндегі пайда немесе зиян көрсеткішіне әсер етпес еді.

**Құбылмалы сыйақы ставкасы қаржылық құралдарының әділетті құнының сезімталдығын талдау**

Есеп беру күніне сыйақы ставкаларының 100 базистік тармаққа өсуі мен 25 базистік тармаққа кемуі капиталды және кезең ішіндегі пайда немесе зиян шамасының төменде көрсетілген сомаларға өсуі (кемуі), ағымдағы нарықтық ставкаларға негізделген проценттік ставкалардағы, сондай-ақ экономикалық ортадағы ықтимал өзгерістерді бағалауының негізділігін білдіреді. Бұл талдау шетел валюталарының өзге ауыспалы, атап айтқанда, айырбас бағамдары өзгеріссіз қалады, және есептік күнге дейінгі өтелмеген міндеттемелер сомасы жыл бойына өтеусіз күйінде қалды деген оймен жүргізілді.

| | **Пайда немесе (зиян)** | |
|---|---|---|
| **мың теңге** | **100 базистік тармаққа өсуі** | **25 базистік тармаққа кемуі** |
| **2012 ж.** | | |
| Тіркелген сыйақы ставкасы құралдары | (312,269) | 78,067 |
| **2011 ж.** | | |
| Құбылмалы сыйақы ставкасы құралдары | (402,983) | 100,746 |

**(з) Баланстық құнымен салыстырғандағы әділетті құны**

Келесі кестеде көрсетілген құралдарды есептемегенде, Топ қаржылық есеп-қисапта мойындалған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің баланстық құны, олардың қысқа мерзімдік сипатына қарай, шамамен олардың әділетті құнына тең деп есептейді.

Келесі кестеде сипатталғанды есептемегенде, Топ қаржылық есеп-қисапта мойындалған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің баланстық құны, шамамен олардың әділетті құнына тең деп есептейді.

Қаржылық міндеттемелердің әділетті құнын бағалағанда, басшылық мынадай болжауларды пайдаланды:

**Процентсіз қаржылық міндеттемелер және тіркелген қаржылық ставкасымен алынған міндеттемелер**

Қаржылық міндеттемелер неғұрлым нарықтық ставкаға жақындастырылған тиімді проценттік ставка бойынша дисконтталды.

**Құбылмалы ставкасымен алынған қаржылық міндеттемелер**

Қаржылық міндеттемелердің әділетті құнының шын мәнінде баланстық құннан айырмашылығы жоқ, өйткені ақшаның уақытша құнының пайдасы мардымсыз.

| | **31.12.2012** | | **31.12.2011** | |
|---|---|---|---|---|
| **мың теңге** | **Баланстық құны** | **Әділетті құны** | **Баланстық құны** | **Әділетті құны** |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | |
| Қамсыздандырылған және қамсыздандырылмаған банк займдары | 31,567,970 | 31,540,808 | 37,863,618 | 37,821,648 |
| Қамсыздандырылмаған банктік емес займдар | 1,503,942 | 1,392,869 | 4,664,652 | 4,500,443 |
| Қамсыздандырылмаған облигациялар | 75,273,591 | 74,734,684 | 73,853,962 | 74,011,069 |
| | **108,345,503** | **107,668,361** | **116,382,232** | **116,333,160** |

**(и) Капиталды басқару**

Топ инвесторлардың, кредиторлар мен нарықтың сенімін сақтау, сондай-ақ бизнестің болашақта дамуын қамтамасыз ету үшін орнықты капитал базасын қолдау саясатын ұстанады. Капитал Топтың барлық капиталы мен резервтерінен құралады. Топ мынадай көрсеткіштер мониторингін жүзеге асырады:

- қаржылық тұрақтылық немесе кредиттерді басқару үшін қолданылатын шаралар, займ қаражатын сату дәрежесін айқындау;
- табыстылық, шаруашылық қызметін жүргізу барысында өтімділікті, активтер мен капиталды басқарудың жалпы тиімділігін айқындау.

2012 жылғы қыркүйекте Топ Акционері қаржылық емес ұйымдар үшін борыш пен қаржылық тұрақтылықтың бірыңғай принциптері мен басқару тетіктерін айқындау мақсатында жаңа борыш пен қаржылық тұрақтылықты басқару саясатын бекітті.

Топтың қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін мынадай негізгі қаржы коэффициенттері пайдаланылады:

- қаржылық борыштың өз капиталына қатысының 2-еуден аспауы;

- қаржылық борыштың салықтарды, тозуды және амортизацияны (Борыш/EBITDA) төлегенге дейінгі пайдамен арақатынасының 3.5-тен аспауы;

- пайданың проценттер мен салықтарды төлегенге дейінгі таза проценттік шығыстармен (EBIT/ проценттер бойынша таза шығыстар) арақатынасының 2-еуден кем болмауы.

## 43 ШАРТТЫ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### (а) Сақтандыру

Қазақстандағы сақтандыру қызметтерінің нарығы қалыптасу сатысында тұр және әлемнің басқа елдерінде таралған сақтандырудың көптеген нысандарына әзірше қол жете қойған жоқ. Топтың, өзінің өндірістік құрылыстарына, өндірістің тоқтауына байланысты, немесе апат немесе Топ қызметінің салдарынан жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға келтірілген зиянмен байланысты үшінші тараптардың алдында туындаған залалға қатысты толық сақтандыру құралы жоқ. Топтың өзінің барабар сақтандыру өтемі болмайынша, белгілі бір активтерді жоғалту немесе бүлдіріп алу Топтың қызметіне және қаржылық жағдайына едәуір теріс әсер ету тәуекелі тұрады.

### (б) Шартты салықтық міндеттемелер

#### *(i) Шартты салықтық міндеттемелер*

Қазақстанның салық жүйесі жаңадан құрылғандықтан, салықтар санының көптігімен (корпоративтік табыс салығы, қосылған құнға салынатын салық, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және Компания қызметіне айтарлықтай әсері бар басқа да салықтар) және заңнама нормаларының жиі өзгеруімен, көбінесе түсініксіз жазылған және қарама-қайшылығы көп ресми түсініктемелермен және сот шешімдерімен сипатталады. Мұның өзі оларды әртүрлі салық органдарының әрқилы түсінуіне жол береді. Салықтарды есптеудің дұрыс-бұрыстығына қатысты тексерулермен және зерттеулермен қолында айыппұл салу және өсімпұл есептеу құқы бар реттеуші органдар айналысады. Есептік кезеңдегі салықтарды есептеудің дұрыстығы соңғы бес күнтізбелік жыл ішінде тексерілуі мүмкін; алайда белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұлғайтылуы мүмкін. Қазақстандық түрлі заңнамалық актілер мен нормативтер әруақытта түсінікті жазыла бермейді, және оларды түсіну жергілікті салық органдары мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пікіріне байланысты болып келеді. Мысалы, ҚҚС мақсаттары үшін сату бойынша айналымды айқындауға, корпоротивтік табыс салығының мақсаттары үшін белгілі бір шығындарды шегеруге қатысты, сондай-ақ 2009 жылдан бері қолданылып келе жатқан жаңартылған салық кодексінің кейбір баптарының қолданылуына қатысты мәселелер, атап айтқанда, корпоротивтік табыс салығының мақсаттары үшін салық салудың туындау сәтін анықтауға қатысты баптар және басқа да мәселелер. Көбінесе жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының пікірлері бір-бірінен алшақ келеді. Мәлімделген және анықталған Қазақстан заңдарын, жарлықтары мен стандарттарын бұзушылықтарға қатысты қазіргі айыппұлдар мен өсімпұлдар салу режимі өте қатал. Әсіресе, қазіргі кезде салық органдары жер қойнауын пайдаланушылар қызметін тексеруге қатысты өте агрессивтік ұстанымды ұстануда. Санкциялар бұзушылық орын алған әрбір күн үшін салық есептелген күнге дейінгі соманың 50% мөлшерінде айып ставкасын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ресми ставкасының 2.5 есе мөлшерінде өсімпұл төлеуді міндеттейді. Соның салдарынан өсімпұлдар мен айыппұлдар кез келген дұрыс есептелмеген салық сомасынан бірнеше есе асып түсетін сомаларға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Мұндай жағдай басқа елдерге қарағанда Қазақстанда салық тәуекелдерінің әлдеқайда жоғары болуына соқтыруы мүмкін. Топ басшылығы қолданылатын салық заңнамасын, нормативтік талаптар мен сот шешімдерін өз тұрғысынан түсіне отырып, салықтық міндеттемелер толық көрсетілген деп есептейді. Сонда да бұл ережелерді тиісті органдардың трактовкасы өзгеше болуы мүмкін және, егер олар өз ұстанымдарының заңдылығын дәлелдеген жағдайда, бұл нағыз шоғырландырылған қаржылық есеп-қисапқа әсер етуі мүмкін.

2009 жылдың ішіндеТоптың «Бетпақ-Дала» БК» ЖШС-нің қауымдасқан кәсіпорнында (бұдан әрі – Қауымдасқан кәсіпорын) 2004-2008 жж. кезеңін қамтыған салықтық тексеру жүргізілді. Тексеріс қорытындысы бойынша Қауымдасқан кәсіпорынға 3,392,911 мың теңге көлемінде салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларының кем есептелгендігі туралы Акт және Хабарлама тапсырылды. 2009 жылғы 24 қарашада Қауымдасқан кәсіпорын 177,117 мың теңге төледі. Қауымдасқан кәсіпорын үстеме пайдаға салынатын салық бойынша қосымша есептеулермен келіспейді. 2011 жылы топтың

Қауымдасқан кәсіпорны кем есептелген салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларының қалған бөлігін төледі және бұл төлемдерді Жоғарғы Соттың шешімімен шығыстарға жатқызды.
Топ басшылығы осы шоғырландырылған қаржылық есеп-қисаптағы өзінің салықтық міндеттемелерін барабар мойындады деп есептейді.

### *(ii) Үстеме пайдаға салынатын салық*

2009 жылғы салық заңнамасы бойынша жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша күнтізбелік жыл ішінде алынған таза пайдадан, жер қойнауын пайдаланушының ҮПС мақсаттары үшін шегерген сомаларының 25 процентіне тең сомадан асып түсетін мөлшерде үстеме пайдаға салық (бұдан әрі – ҮПС) төлеуге тиісті. ҮПС мақсаттары үшін жер қойнауын пайдаланушының шығыстары мыналарды қамтиды:

- есептік жылда мәлімделген корпоротивтік табыс салығы бойынша шегерімдер, корпоротивтік табыс салығын төлеу мақсаттары үшін белгіленгендей, кез келген негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің есептелген амортизациясын алып тастағанда;
- жер қойнауын пайдаланушының есептік жыл ішінде жер қойнауын пайдалану қызметін жүзеге асыру мақсаттарына арналған кез келген капиталдық шығындары;
- жер қойнауын пайдаланушының бұрнағы жылдары жер қойнауын пайдалану қызметін жүзеге асыру барысында шеккен және есептік жылға көшірілген кез келген пайдаланылмаған операциялық шығындары.

Үстеме пайдаға салынатын салықтың негізі осы терминнің айқындалған мәніндегі және жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт бойынша есептелген, үстеме пайдаға салынатын салықтың шегерілген тиісті сомасының 25%-нен асатын таза табыстың бір бөлігі болып табылады. Үстеме пайдаға салынатын салықты есептеу мақсаттары үшін таза табыс салық салынатын пайда мен корпоротивтік табыс салығын төлеу бойынша міндеттеме сомасы арасындағы айырмашылықты білдіреді, мұнда салық салынатын пайда үстеме пайдаға салынатын салық бойынша көрсетілген шығыстардың сомасын шегергендегі жалпы жылдық пайда болып табылады. ҮСП-нің қолданылатын ставкалары, үстеме пайдаға салынатын салық бойынша жылдық табыстың жылдық шегерімге арақатынасына қарай, 10% -тен 60%-ке дейінгі прогрессивті шкала бойынша өзгереді.

Компанияның келісімшарттық қызметтен алатын табыстарының КТС пен ҮСП есептеудің қазіргі әдісімен шығарғанда 20%-ке көбейген, өндірудің өндірістік өзіндік құны ретінде белгіленетінін ескеріп, Топ басшылығы пайданың 20%-тен астам ішкі нормасына көз жетер болашақта жету мүмкін емес деп есептейді.

### *(iii) Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық*

Өткен кезеңдерде пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты (ПҚӨС) есептеу үшін салық салу базасына қатысты белгісіздік орын алды. Бұрын Компания басшылығы салық салу базасы ретінде өндірудің өндірістік өзіндік құнын және ПҚӨС есетелмеген бастапқы өңдеуді пайдаланды, және Салық кодексінде белгіленген 22% мөлшерінде пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық ставкасын қолданды. 2012 жылы уран өндіруші компаниялар мен салық органдарының арасындағы талқылаулардың барысында салық салу базасында өндірістік өзіндік құны мен ПҚӨС есетелмеген бастапқы өңдеу қамтылуға тиісті деген түсіністікке қол жеткізілді. Келіссөздердің нәтижесінде 2009-2012 жылдар үшін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық ставкасы 22%-тен 17.5%-ке төмендетілді.Салық кодексіне тиісті өзгерістер 2012 жылғы 26 желтоқсанда бекітілді. Компания осы өзгерістердің тиімділігін өзінің 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдық қаржылық есебінде атап көрсетті.

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап Салық кодексіне енгізілген өзгерістер күшіне енді, енді пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық ставкасы 18.5%-ке дейін өзгертілді, бұл алдағы кезеңдерде қолданылатын болады.

### *(iii) Трансферттік баға белгілеу*

2009 жылы 1 қаңтарда өзгертілген және қолданысқа енгізілген Трансферттік баға белгілеу туралы заң негізінен тауарлар мен қызметтерді сату бойынша халықаралық іскерлік операцияларымен байланысты

халықаралық және ішкі операцияларға қатысты қолданылады. 2012 жылғы 31 желтоқсандаға жағдай бойынша, Компания күшіне енген Трансферттік баға белгілеу туралы заңға сәйкес барлық қажетті түзетулерді жүргізді.

2012 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та 2007 жылғы жұмыс кезеңінде рансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау мәселелері бойыншақұжаттық тақырыптық тексеріс аяқталды (2009 жылы басталып, тоқтатылған). Тексеру 2012 жылы 31 желтоқсанда бітетін талап ету мерзімі біткенге дейін аяқталды. Тексеру қорытындысы бойынша Компанияға 6,390,276 тыс.теңге көлемінде КТС, айыппұл мен өсімпұл сомасының кем есептелгендігі туралы Тексеру актісі және Хабарлама ұсынылды. Компания КТС бойынша қосымша есептеулермен келіспейді және салық есептеудің заңдылығына жоғары тұрған инстанцияларда, ҚР сот органдарында шағымдану ниетінде. Сол үшін 2013 жылғы 5 ақпанда ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетіне Тексеру актісі және Хабарламаға Шағым жіберілді.

Компания басшылығы ҚР салық органдарымен соттық іс қарау Компанияның пайдасына шешіледі деп ойлайды, алайда жоғары сот инстанциясының шешімін алу біраз уақытты қажет етуі мүикін.Осыған байланысты Компания 2012 жылы жүргізілген тексеру бойынша салық, айыппұл мен өсімпұл төлеуге резерв жасамау туралы шешім қабылдады.

**(в) Қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелер**

1999 жылғы 19 желтоқсандағы «Америка Құрама Штаттарының Энергетика министрлігі мен Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің арасындағы жұмыс келісіміне» сәйкес Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасының үкіметтері өздеріне БН – 350 реакторын пайдаланудан алу және реактордың отындық өзектерін сақтау жауапкершілігін алды. Осы Келісімге сәйкес АҚШ Үкіметі қаржылық көмек көрсету үшін өзіне, Еуропалық Одақтың ТМД елдеріне техникалық көмек көрсету бағдарламасын (ТМДТК), «Пресиозо» (Франция), Канберра (Бельгия), «АЛСТОМды» (Франция) қоса алғанда, халықаралық ұйымдарға, сондай-ақ «БЯЦ» Ғылыми өндірістік орталығы мен «КАТЭП» АҚ сияқты отандық коммерциялық емес ұйымдарға жүгіну міндетін алды. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен 2020 жылға дейінгі даму перспективасымен Қазақстан Республикасында атом саласын дамытудың 2011-2014 жылдарға арналған бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес, БН-350 реакторын пайдаланудан алуды, осы жабдықпен байланысты оны одан әрі кәдеге жаратуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі болып табылады. Мұның сыртында Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында осы іс-шараларды қаржыландыру көзі Республикалық бюджет деп көзделген. 2012 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша Компанияның БН-350 реакторлық қондырғысын пайдаланудан алу бойынша заңдық және қаржылық міндеттемелері жоқ.

**(е) Кепілдіктер**

Кейбір өзара байланысты тараптарды қаржыландыруға берілген қаржылық кепілдіктер бойынша ең үлкен кредиттік тәуекел 2012 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша 38,265,908 мың теңгені (2011 ж.: 35,712,325 мың теңге) құрады.

## 44 ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

**(а) Бақылау қатынастары**

Компания Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі № 3593 Жарлығына сәйкес құрылды. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – Акционер) Компанияның жалғыз акционері болып табылады. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ толығымен Қазақстан Республикасының Үкіметінің иелігінде.

**(б) Басшы қызметкерлермен және олардың отбасы мүшелерімен жүргізілетін операциялар**

Директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы директорлар, департамент басшылары мен олардың отбасы мүшелерінің Топтың дауыс қосу құқығын беретін бақылау пәрмені мен акциялары жоқ, өйткені акциялардың 100%-і Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі.

***(i) Басшы қызметкерлерге берілетін сыйақылар***

Есептік жылда топтың басты басшы қызметкерлері алған сыйақылар мынадай сомаларды құрап, олар персоналға арналған шығындар құрамында көрсетілді (14-ескертпе).

| | **31.12.2012 мың теңге** | **31.12.2011 мың теңге** |
|---|---|---|
| Жалақы және сыйлықақылар | **1,887,519** | **1,658,975** |

Топтың өзара байланысты тараптармен операциялары мына кестелерде ашылады. Мемлекеттік компанияларға қатысты, Топ аналық компаниялардың бақылауындағы компаниялар тобымен жүргізілген операцияларды ғана ашады.

**(в) Басқа да байланысты тараптардың қатысуымен жасалатын операциялар**

**(i) Кіріс және дебиторлық берешек**

| **мың теңге** | **2012 ж. мәміле сомасы** | **2012 ж. есептеулер бойынша қалдық** | **2011 ж. мәміле сомасы** | **2011 ж. есептеулер бойынша қалдық** |
|---|---|---|---|---|
| ***Тауарлар сату:*** | | | | |
| Қауымдастырылған кәсіпорындар | 1,550,117 | 236,002 | 3,811,821 | 415,872 |
| Бірлесіп бақыланатын компаниялар | 4,173,152 | 506,755 | 4,238,874 | 123,196 |
| Сіңілі компаниялар | 13,838,289 | 331,662 | 9,847,822 | 295,122 |
| Өзгелері | 1,071,299 | 808,727 | - | - |
| ***Көрсетілген қызмет түрлері*:** | | | | |
| Қауымдастырылған кәсіпорындар | 17,973,993 | 4,096,719 | 16,324,340 | 3,561,935 |
| Бірлесіп бақыланатын компаниялар | 3,308,142 | 375,054 | 3,588,595 | 419,365 |
| Сіңілі компаниялар | 84,783 | 1,064 | 88,236 | 2,405 |
| Өзгелері | 3,711,684 | 1,024,689 | - | - |
| *Дивидендтер:* | | | | |
| Қауымдастырылған кәсіпорындар жариялаған дивидендтер | 24,802,068 | - | 14,090,944 | 725,293 |
| Бірлесіп бақыланатын компаниялар жариялаған дивидендтер | 11,500,387 | - | 6,958,458 | 4,522,694 |
| Басқа да байланысты кәсіпорындар жариялаған дивидендтер | 1,596,620 | | | |
| | **83,610,534** | **7,380,672** | **58,949,090** | **10,065,882** |

Операциялар бойынша байланысты тараптар жасаған барлық есептеулер есеп берілген күннен кейін алты айдың ішінде ақша қаражатымен төлеуге жатады. Бұл берешектің барлығы кепілмен қамтамасыз етілмеген болып табылады.

***(ii) Шығыс және кредиторлық берешек***

| **мың теңге** | **Мәміле сомасы 2012** | **Есептеулер бойынша қалдық 2012** | **Мәміле сомасы 2011** | **Есептеулер бойынша қалдық 2011** |
|---|---|---|---|---|
| ***Тауарлар сатып алу*:** | | | | |
| Қауымдастырылған кәсіпорындар | 36,927,573 | 20,275,139 | 61,531,749 | 23,941,571 |
| Бірлесіп бақыланатын компаниялар | 39,085,956 | 10,655,694 | 41,129,645 | 6,688,789 |
| Сіңілі компаниялар | 22,007,920 | 3,995,452 | 17,265,232 | 1,805,406 |
| Өзгелері | 1,686,770 | 777,528 | | |
| ***Көрсетілген қызметтер:*** | | | | |
| Қауымдастырылған кәсіпорындар | 2,062,136 | 156,743 | 3,222,676 | 1,900,531 |
| Бірлесіп бақыланатын компаниялар | 65,318 | 2,319 | 43,299 | 60,571 |
| Акционерге дивидендтер | 23,501,328 | 11,750,664 | - | - |
| Сіңілі компаниялар | 2,592,460 | 144,330 | 1,648,161 | 257,363 |
| Өзгелері | 966,532 | 434,163 | - | - |
| | **128,895,993** | **48,192,032** | **124,840,762** | **34,654,231** |

Өзара байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша барлық есеп айырысулар есеп беру күнінен кейін алты айдың ішінде ақша қаражатымен төленуге тиісті. Бұл берешектің бәрі кепілмен қамтамасыз етілмеген болып табылады.

***(iii) Берілген займдар***

| мың теңге | Займ сомасы 2012 ж. | Есеп айырысулардың қалдығы 31.12.2012 | Займ сомасы 2011 ж. | Есеп айырысулардың қалдығы 31.12.2011 |
|---|---|---|---|---|
| Қауымдасқан кәсіпорындар | 7,698,391 | 7,698,391 | 6,265,198 | 6,265,198 |
| Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар | 20,000 | 20,000 | 20,000 | 20,000 |
| Өзгелері | 5,579,228 | 5,579,228 | 4,559,186 | 4,559,186 |
| | **13,297,619** | **13,297,619** | **10,844,384** | **10,844,384** |

***(iv) «Қазақстанның Халық Банкі»АҚ-пен мәмілелер***

***Депозиттер***

| мың теңге | Барлығы | Негізгі борыш | Процenттер |
|---|---|---|---|
| **2011 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша** | **31,22** | **31,1** | **103,7** |
| Орналастырылды/Есептелді | 36,67 | 36,1 | 559,1 |
| Көзден салық ұстау | (99,15 | - | (99,1 |
| Бағам айырмашылығы | (77,65 | (76,5 | (1,0 |
| Алынғаны | (58,50 | (57,94 | (561,8 |
| **2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **9,21** | **9,2** | **791** |
| Орналастырылды/Есептелді | 8,00 | 8,0 | 6,1 |
| Көзден салық ұстау | (1,02 | - | (1,0 |
| Алынғаны | (17,20 | (17,20 | (5,8 |
| **2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **11,8** | **11,8** | **57** |

***Ағымдағы шот***

| мың теңге | 2012 ж. | 2011 ж. |
|---|---|---|
| 31 желтоқсанға | 18,604,260 | 16,578,587 |

***(v) «Халық-Казахинстрах» АҚ- пен мәмілелер («Қазақстанның Халық Банкі»АҚ-тың еншілес компаниясы)***

***Табыс***

| мың теңге | Мәміле сомасы 2012 ж. | Есеп айырысулардың қалдығы 31.12.2012 | Мәміле сомасы 2011 ж. | Есеп айырысулардың қалдығы 31.12.2011 |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Көрсетілген қызметтер | 592 | - | 25,639 | 3,331 |
| Алынған қызметтер | 92,612 | - | 19,917,159 | 630,841 |

***(vi) «БТА Банк»АҚ-пен мәмілелер***

***Депозиттер***

| **мың теңге** | **Барлығы** | **Негізгі борыш** | **Проценттер** |
|---|---|---|---|
| **2011 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша** | **311,216** | **308,188** | **3,028** |
| Орналастырылды/Есептелді | 11,444,424 | 11,373,789 | 70,635 |
| Көзден салық ұстау | (10,786) | - | (10,786) |
| Бағам айырмашылығы | (11,498) | (11,498) | - |
| Алынғаны | (10,976,129) | (10,915,009) | (61,120) |
| **2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **757,227** | **755,470** | **1,757** |
| Орналастырылды/Есептелді | 398,172 | 399,250 | (1,078) |
| Көзден салық ұстау | (101) | - | (101) |
| Бағам айырмашылығы | (1,417) | (1,417) | - |
| Алынғаны | (1,153,408) | (1,152,833) | (575) |
| **2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **473** | **470** | **3** |

***Займдар***

| **мың теңге** | **Барлығы** | **Негізгі борыш** | **Проценттер** |
|---|---|---|---|
| **2011 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша** | **392,908** | **366,159** | **26,749** |
| Алынғаны/Есептелгені | 28,912 | - | 28,912 |
| Жабылғаны | (421,820) | (366,159) | (55,661) |
| **2011 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | - | - | - |
| Алынғаны/Есептелгені | - | - | - |
| Жабылғаны | - | - | - |
| **2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | - | - | - |

***Ағымдағы шот***

| **мың теңге** | **2012 ж.** | **2011 ж.** |
|---|---|---|
| | 253,490 | 1,093,638 |

31 желтоқсанға

**(в) Өзге өзара байланысты тараптар қатысқан операциялар, жалғасы**

***(vi) «БТА Банк»АҚ-тың еншілес компаниясы «БТА Страхованиемен» мәмілелер***

***Шығыстар***

| мың теңге | Мәміле сомасы 2012 ж. | Есеп айырысулардың қалдығы 31.12.2012 | Мәміле сомасы 2011 ж. | Есеп айырысулардың қалдығы 31.12.2011 |
|---|---|---|---|---|
| Сатып алынған қызметтер | - | - | 14,292 | - |

**(г) Баға белгілеу саясаты**

Өзара байланысты тараптар арасындағы мәмілелерде баға белгілеу 2008 жылғы 5 шілдедегі «Трансферттік баға белгілеу туралы» Заңға және ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 3 ақпандағы №74 қаулысымен бекітілген Табиғи уран концентратына (U3O8) баға белгілеу ережесіне (әдістемесіне) сәйкес «салыстырмалы бақылаусыз баға» әдісіне негізделеді.

## 45 БИЗНЕСТЕРДІ БІРІКТІРУ БОЙЫНША МӘМІЛЕЛЕР

**«Кварц» ЖШС мен «KazSilicon» МК ЖШС-ні сатып алу**

2011 ж. 31 қазанда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ «Кварц» ЖШС-нің 100% қатысу үлесін және «KazSilicon» МК» ЖШС-нің 100% қатысу үлесін сатып алды. Қазақстан Республикасының Алматы облысында орналасқан Сарыкөл кен орнында өзекті кварц өндіруге жер қойнауынпайдалануға арналған келісімшарты бар.

Негізгі қызмет түрі өзекті кварц өндіру мен өңдеу, минералдық шикізатты бастапқы өңдеу болып табылады. «KazSilicon» МК» ЖШС-нің негізгі қызмет түрі металлургиялық және поликристалл кремниин өндіру мен өткізу, кремний өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу. «Кварц» ЖШС өндіретін және қайта өңдейтін өзекті кварц «KazSilicon» МК» ЖШС шығаратын металлургиялық кремний үшін шикізат болып табылатынын ескерсек, бұл компаниялар қуаттар өндіретін бір бірлікті құрайды. Бұл компаниялардағы үлестер 4,751,000 мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйақыға сатып алынған.

Бірдейлендіретін таза активтердің әділетті құны сатып алатын күні мынадай болды:

| Сатып алынғаннан кейінгі әділетті баға | мың теңге |
|---|---|
| Ақша қаражаттары мен олардың баламалары | 4,863 |
| Ағымдағы активтер | 757,124 |
| Материалдық емес активтер | 19,446 |
| Жер қойнауын пайдалану құқығы | 6,518,857 |
| Негізгі құралдар | 1,121,614 |
| Депозиттер | 90 |
| **Активтер жиыны** | **8,421,994** |
| ***Ағымдағы міндеттемелер:*** | |
| Займдар | 2,053,369 |
| Қысқа мерзімдік кредиторлық берешек | 187,144 |
| Қысқа мерзімдік қаржылық міндеттемелер | 554,415 |
| Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер | 1,431,960 |
| Ұзақ мерзімдік міндеттемелер | 30,066 |

| | |
|---|---|
| Міндеттемелер жиыны | **4,256,954** |
| **Таза активтер** | **4,165,040** |
| **Сатып алу құны** | **4,751,000** |
| **Гудвил (17-ескертпе )** | **585,960** |
| Еншілес ұйым сатып алған таза ақша қаражаты | 4,863 |
| Төленген ақша қаражаты | 4,751,000 |
| Ақша қаражатының таза кетісі | **4,746,137** |

Сатып алынған күннен бастап 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде таза залал 57,585 мың теңгені құрады. Егер сатып алу 2011 жылғы 1 қаңтарда жүзеге асырылса да, бұл Топтың 2011 жылғы түсімі мен таза пайдаға айтарлықтай әсер етпес еді.

2012 ж. Топ 585,960 мың теңге гудвилді есептен шығарды.

**«Орталық» ӨК» ЖШС-ні сатып алу**

2011 ж. желтоқсанда «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ «Орталық» ӨК» ЖШС-нің 100 % қатысу үлесін сатып алды. «Орталық» ӨК» ЖШС-нің негізгі қызмет түрлері Қазақстан Республикасының Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан Мыңқұдық кен орнының Орталық учаскесінде уран өндіру, уранның химиялық концентратына дейінгі қайта өңдеу бойынша қызметтер мен таукен-дайындау жұмыстары қызметтерін көрсету болып табылады.

2010 жылы «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ Мыңқұдық кен орнының Орталық учаскесінде уранды барлау мен өндіруді жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алды. 2011 жылы «Орталық» ӨК» ЖШС-нің қатысу үлесін сатып алу оның өндірістік кешенін сатып алу мақсатында жүргізілді. «Орталық» ӨК» ЖШС-нің қатысу үлесі 21,124,774 мың теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйақыға сатып алынды.

Бірдейлендіретін таза активтердің әділетті құны сатып алатын күні мынадай болды:

| **Сатып алынғаннан кейінгі әділетті баға** | **мың теңге** |
|---|---|
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 1,347,566 |
| Қорлары | 1,366,940 |
| Қысқа мерзімдік дебиторлық берешек | 1,304,942 |
| Материалдық емес активтер | 8,717 |
| Негізгі құралдар | 7,401,748 |
| Ұзақ мерзімдік инвестициялар | 849,006 |
| Өзге ұзақ мерзімдік активтер | 15,390 |
| Активтер жиыны | **12,294,309** |
| Ағымдағы міндеттемелер | 929,570 |
| Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер | 350,121 |
| Міндеттемелер жиыны | **1,279,691** |
| **Таза активтер** | **11,014,618** |
| **Сатып алу құны** | **21,124,874** |
| **Гудвил (17-ескертпе)** | **10,110,256** |
| Еншілес ұйым сатып алған таза ақша қаражаты | 1,347,566 |
| Төленген ақша қаражаттары | 21,124,774 |

| | |
|---|---|
| **Ақша қаражатының таза кетісі** | **19,777,208** |

«Орталық» ӨК» ЖШС-нің сатып алынған күннен бастап 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі таза залал 40,722 мың теңгені құрады. Егер сатып алу 2011 жылғы 1 қаңтарда жүзеге асырылса да, бұл Топтың 2011 жылғы түсімі мен таза пайдасына айтарлықтай әсер етпес еді. 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есеп-қисапта бірдейлендірілетін сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелер, сондай-ақ 10,110,256 мың теңге көлеміндегі гудвил танылды. (17 және 18-ескертпелер).

**«Қазақстан ядролық университеті» ЖШС-ні сатып алу**

2012 жылғы желтоқсанда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ «Қазақстан ядролық университеті» ЖШС-нің 100 % қатысу үлесін сатып алды. «Қазақстан ядролық университеті» ЖШС-нің негізгі қызмет түрлері Топ кәсіпорындарының персоналын кәсіби даярлауды және қайта даярлауды, уран өндіретін сала кадрларын дайындауды жүйелеуді, жұмыс істеп жүрген мамандардың біліктілік деңгейін арттыруды және оқытудың техникалық базасын жарақтандыруды жүзеге асыру болып табылады. 2012 жылы «Қазақстан ядролық университеті» ЖШС-нің қатысу үлесін сатып алу университет қызметін толық бақылауға алу, оқу процесін басқаруды жақсарту мен оқыту сапасын арттыру мақсатында жүргізілді. «Қазақстан ядролық университеті» ЖШС-нің үлесі  17,589 мың теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйақыға сатып алынды.

Бірдейлендіретін таза активтердің  әділетті құны сатып алатын күні мынадай болды:

| **Сатып алынғаннан кейінгі әділетті баға** | **мың теңге** |
|---|---|
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 40,796 |
| Қорлары | 2,051 |
| Қысқа мерзімдік дебиторлық берешек | 12,429 |
| Негізгі құралдар | 9,975 |
| Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер | 894 |
| Активтер жиыны | **66,145** |
| Ағымдағы міндеттемелер | 26,276 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **26,276** |
| **Таза активтер** | **39,869** |
| **Сатып алу құны** | **17,589** |
| **Сатып алудан түскен табыс** | **22,280** |
| Еншілес ұйым сатып алған таза ақша қаражаты | 40,796 |
| Төленген ақша қаражаттары | (17,589) |
| **Ақша қаражатының таза құйылымы** | **23,207** |

2012 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есеп-қисапта шегерімнен түскен 22,280 мың теңге көлеміндегі табыс жыл ішіндегі өзге де жиынтық табыстарда көрсетілді (12-ескертпе).

**«SafTechnologies (СафТекнолоджиз) ЖШС-ні сатып алу**

2012 ж. 4 желтоқсанда Компания «SafTechnologies (Саф Текнолоджиз)» бірлескен кәсіпорнында 51% қатысу үлесін сатып алды. «SafTechnologies (Саф Текнолоджиз)» ЖШС-нің негізгі қызмет түрі – уранның, алтынның және басқа да сирек және бағалы металдардың  гидрометаллургисы саласындағы технологиялық зерттеу және тәжірибе жұмыстарын жүргізу.

«SafTechnologies (Саф Технолоджиз)» ЖШС-ні сатып алудың негізгі мақсаты, ұзақ мерзімдік перспективада әлемдік деңгейдегі инновация құру үшін кеніштерді ионалмастырғыш шайырлармен тұрақты қамтамасыз етудің өзекті проблемасын шешу болып табылады.
«Saf Technologies (Саф Технолоджиз)»ЖШС-не қатысу үлесі 77 мың теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйақыға сатып алынды.

Бірдейлендіретін таза активтердің әділетті құны сатып алатын күні мынадай болды:

| **Сатып алынғаннан кейінгі әділетті баға** | **мың теңге** |
|---|---|
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 12,409 |
| Ағымдағы активтер | 10,725 |
| Материалдық емес активтер | 51 |
| Негізгі құралдар | 2,467 |
| **Активтер жиыны** | 25,652 |
| ***Ағымдағы міндеттемелер:*** | |
| Займдар | 24,907 |
| Қысқа мерзімдік кредиторлық берешек | 2,288 |
| Өзге қысқа мерзімдік міндеттемелер | 143 |
| Міндеттемелер жиыны | 27,338 |
| **Таза міндеттемелер** | (1,686) |
| **Сатып алынған құны** | 77 |
| **Гудвил** | 1,763 |
| **Еншілес ұйым сатып алған таза ақша қаражаты** | 12,409 |
| **Төленген ақша қаражаттары** | (77) |
| **Ақша қаражатының таза құйылымы** | **12,332** |

2012 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есеп-қисапта Топ 1,763 мың теңге көлеміндегі гудвилді көрсетпеген.

## 46 ЕСЕП БЕРУ КҮНІНЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒА

2013 жылғы қаңтарда Топ «Astana Solar» ЖШС-нің жарғылық капиталына 1,958,015 мың теңге сомасында қосымша жарна және «Байланыс – ҰАК» ЖШС-нің жарғылық капиталына 1,400,000 мың теңге сомасында қосымша жарна енгізді.

2013 жылғы қаңтарда Топ басшылығы «KazSilicon» МК» ЖШС-ні оған «Кварц» ЖШС-ні қосу жолымен қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдады.

## 47 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП-ҚИСАПТЫ МАҚҰЛДАУ

2013 жылғы 14 наурызда Шоғырландырылған қаржылық есеп-қисапты басшылық мақұлдады және шығару үшін бекітті.